

З. Мүфтибекова, Ә. Рысқұлбекова

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ

2-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің
4-сыныбына арналған оқулық

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі ұсынған

«Алматыкітап» баспасы
2019

Шартты белгілер

- | | |
|--|---|
|  – сабақтың басталуы |  – талдайық, пікіріңді айт |
|  – сабақтың мақсаты |  – тыңда |
|  – топтық жұмыс |  – ойлан |
|  – жұптық жұмыс |  – шығармашылық жұмыс |
|  – мәтінді оқы |  – ізден, сұра, зертте |
|  – сахнала, рөлге бөліп оқы |  – есіңде сақта |
|  – түсіндірме |  – сөздік |
|  – теориялық мәтін |  – үй тапсырмасы |

Мүфтибекова З., т.б.

Әдебиеттік оқу. Оқулық. Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған. 2-бөлім. /З. Мүфтибекова, Ә. Рысқұлбекова. – Алматы: «Алматыкітап», 2019. – 144 бет: суретті.

© Мүфтибекова З., Рысқұлбекова Ә. (мәтіні), 2019
© «Алматыкітап» ЖШС, 2019

Құрметті оқушым!

4-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінің 2-бөлімімен танысатын уақыт та жетті. Бұл бөлімде «Мамандықтар әлемі», «Табиғат құбылыстары», «Қоршаған ортаны қорғау» тақырыптарымен танысасың. Бұл тақырыптар 2, 3-сыныптарда білгендеріңді толықтырады. Әр мәтіндегі негізгі ой сені болашағың мен армандарыңа жетелейді.

Оқулықтағы алуан түрлі тапсырмаларды орындау сенен шығармашылық қиял, еңбекқорлық пен шеберлікті талап етеді.

Әдебиет әлеміне басқан қадамың сәтті болсын!

Нені білесің:

- ◆ Кейіпкердің іс-әрекетін бағалайсың.
- ◆ Оқу түрлерін қолданасың, оқиғаны болжайсың.
- ◆ Сөйлеу барысында суреттерді, қимыл, ым-ишара құралдарын қолданасың.
- ◆ Шығармашылық жұмыстар орындайсың.
- ◆ Мәтіндегі оқиға бойынша жоспар құруды үйренесің.
- ◆ Шығарманың композициясын анықтайсың, түрлі дереккөзден ақпарат алуды үйренесің.
- ◆ Көркемдегіш құралдарды табасың.
- ◆ Біліміңді тексересің.



IV. МАМАНДЫҚТАР ӘЛЕМІ





37 КІМ БОЛАМ?



Қажет ақпаратты тауып оқимын.
Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалаймын.

1. Сөз тіркестерін үш жақта жіктеп айт.

Мен кім боламын?

Менің арманым –

Ойлан



2. Таңдаған мамандықтарың туралы кестемен жұмыс жасаңдар.

Оқушылар таңдаған мамандық атаулары	Таңдаған мамандық саны
Мұғалім	
...	

3. Маман болу үшін не істеу керек?


Түсініп оқы

Азамат бол!

Болды Аманжол үлгілі,
Оқуын жақсы оқыды.
Әкесімен отырып,
Былай деді бір күні:

– Әке, маған қарашы,
Мен өскенде кім болам?
– Кім болсаң да, өзің біл,
Айналайын күн балам!

Шопан болғын мен құсап,
Еңбекті сүй жасыңнан.



Ғарышкер бол елге ұқсап,
Отан даңқын асырған.

Геолог бол немесе
Жерден алтын табатын.
Қызықтарға бөлен сен,
Бір марқайып қалатын.

Дұрыс екен сұрағың,
Кім болсаң да, еркіңде.
Денсаулық боп, шырағым,
Жетейік біз сол күнге.

Арманың көп білемін,
Айналайын Аманжол,
Менің сенен тілерім:
Азамат бол, адам бол!

Шекербек Садыханов



АББ

Марқаю - өсу, есею



4. Өлеңді рөлге бөліп оқыңдар.

Бағала

5. Өлеңдегі бас кейіпкердің арманы туралы пікіріңді айт.

Қажет ақпаратты тауып, оқы

Әкесінің:
«Кім болсаң да,
өзің біл» деген
сөзін қалай
түсіндің?

Әкесінің
баласына
айтқан
ойларының
қайсысы
маңызды?

Өлеңнің
тақырыбы мен
негізгі ойын
білдіретін
шумақты тап.

Орында



6. Жоспар бойынша ойыңды жаз.

Жоспар:

1. Менің балашақ мамандығым туралы ата-анамның ойы.
2. Өзімнің арманым.
3. ...

Құра



7. Мамандық түрлеріне сипаттама ретінде жұмбақ құрыңдар.

Үлгі: Самұрық құсты «ерттеп» ұшқан – кім?



8. Қазіргі кезде қандай жаңа мамандықтар пайда болды? Үлкендерден сұрап біл.



Мамандық туралы мақал-мәтел тауып, жаз.



МАМАНДЫҚ ТУРАЛЫ ОЙЫМ



Сюжеттің дамуын болжаймын.
Мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын анықтаймын.

Орында



1. Суретте берілген немесе өздерің таңдаған мамандықты сипаттап айтыңдар. Таныстырылым жасаңдар.



Қиын, оңай, зиянды, зиянсыз, көңілсіз, қызық, қауіпті, өте қажет сөздерін пайдаланыңдар.



2. Қай топтың пікірі сенің ойыңды өзгертті? Кімнің пікіріне қосылғың келмейді?

Түсініп оқы

Түсінісу

Талғаттың көкесі – мұғалім. «Тарих» пәнінен сабақ береді. Білмейтіні жоқ. Көкесінің ұшан-теңіз білімін ауылдағы ақсақалдар да бас шұлғып, мойындайды. Ал кімге әкенің



беделді болғаны ұнамайды дейсің?! Талғат та соны іштей сезіп, масаттанады. Келе-келе Талғаттың кеудесіне нан пісе бастады. «Менің көкем – ең ақылды адам», – дейтін болды. Достары да мақтаншақ Талғатқа қарсы дау айтпауға дағдыланып алған.

Бір күні Нұрым:

– Өзенге шомылып қайтайық. Бекетайды да жолай ала кетейік, – деді.

Күн ыстық. Бекетай әкесіне комбайн жөндеуге көмектесіп жатыр екен. Бұларға ергісі келіп, жаутаңдай қарады.

Жұмысын бітірген соң Бекетай да қуып жетті. Достар күре жолға түсіп алып, жалаңаяқ борпылдақ топырақты кешіп, өзенге қарай бет алды.

– Ой, сенің де бетіңе май жұғыпты ғой. Өскенде көкең сияқты май-май тракторшы болатын шығарсың? – деп күлді Талғат.

– Не дедің? Сеніңше тракторшы қажетсіз мамандық па? Бекетай кәдімгідей шамданып қалды.

– Әрине, жаман. Үсті-басыңның май-май боп жүргені қайбір жақсы дейсің?! Иісі де жүректі айнытады.

Талғат қып-қызыл дауға тап болды.

– Мақтаншақсың сен!

– Мен бе? Мен мақтаншақпын ба?.. Сендер көрер көзге мойындамай тұрсыңдар. Өткенде Кәрімнің үйіндегі тойда көкелерің «қазақ» деген сөздің қайдан шыққанын таба алмады. Сонда менің әкем айтып берген. Сендердің көкелерің ештеңе...

Болжа

Әрі қарай оқиғаның қалай дамидыны болжаңдар.

– Тоқта, Талғат! Дауды қойыңдар!

Әмірлі шыққан дауыс барлығын елең еткізді. Нұрым екен. Ол – бесінші сыныптағы оқу үздігі.

– Талғат, сенің айтқаның дұрыс емес!

– Жо-жоқ. Неге?

– Мамандық пен кәсіптің жаманы болмайды. Рас, мектепте, тіпті ауылда сенің көкеңнен тарихты терең білетін адам жоқ. Сырлыбай ағай да сондай. «Қазақ тілі мен әдебиетін ол кісідей білемін», – деп ешкім айта алмайды. Менің әкем де, Бекетайдың көкесі де – осал жандар емес. Талғат, өзің айтшы, сенің көкең сол кісілердей техника сырын біле ме?

– Жоқ, – деді Талғат төмен қарап.

Сол сәт көкесінің жекеменшік мәшинесі бұзылғанда әркімге жалынып-жалпайып жүретіні есіне түсті. – Кешіріңдер... мен ағат ойлап жүр екенмін. Әркім өз ісінің маманы екенін түсінбеппін. Кешіріңдерші...

Әлгінде ғана өз ойларымен арпалысып, Талғатқа іштей өкпелеп тұрған құрдастар көңілденіп сала берді. Өзенге қарай құлдыраңдай жүгіріп бара жатқан балалардың майтабанынан көтерілген қою шаң ғана қалып барады.

Бақтияр Тайжан

АББ

Кеудесіне нан пісу – дандайсу, менсінбеу

Шамдану – ашулану

Ағат ой – жаңсақ, теріс ой

3. Мәтіндегі бас кейіпкерді анықта.
 4. Автордың негізгі ойын қай кейіпкерлердің сөзінен табуға болады?

Анықта

5. Мәтін мазмұны бойынша анықтаңдар.
- Оқиғаның басталуын білдіретін сөйлемді тап.
 - Оқиғаның дамуына не себеп болды?
 - Суретте оқиғаның қай сәті бейнеленген?
 - Талғаттың қатты ұялып, достарынан кешірім сұрауы – оқиғаның қай кезеңі?
 - «Әлгінде ғана өз ойларымен арпалысып, Талғатқа іштей өкпелеп тұрған құрдастар көңілденіп сала берді...» деген сөйлем оқиғаның қай бөлігі?

Тыңда

6. Сипатына қарай мамандықтың атауын тап.

Бағала

7. Тракторшы мамандығы туралы Талғаттың ойы қалай өзгерді?

Ойлан

8. Трактор, комбайндардың жұмысы қазіргі замандағы озық техниканың жетістігіне жете ме? Себепін түсіндір.



<p>Қатені тап. Қай сөздегі <i>-шы</i> қосымшасы артық?</p>	<p>Сөздерге <i>-шы, -ші</i> қосымшасымен келетін мағыналас сөздер жаз.</p>
<p>а) аспазшы ә) жазушы б) даяшы</p>	<p>а) мұғалім – ... ә) шопыр – ... б) жорналшы – ...</p>



АТАКӘСІП



Таныстырылым құрастырамын.
Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалаймын.

Анықта



1. Оқып, бұл кәсіптер қандай мамандыққа айналғанын анықтаңдар.

Адам қажеттіліктен еңбек етеді, отбасын, өзін асырайды. Соқамен жер жыртады, егін егеді. Малды көлік ретінде, өнімдерін киім, тағам үшін өңдеп тұтынады. Қайық, кеме жасайды, балық аулайды. Ағаштан баспана салып, тастан, кірпіштен сәнді сарайлар тұрғызады. Осы кәсіптер мамандыққа негіз болады.

Түсініп оқы

Күріш туралы сыр

Ақ күріштің атасы – Ыбырай Жақаевтың ізбасар інілері де бар. Соның бірі – Мақсұт Нұрылдаев. Ол бала кезінде әкесінің аузынан мынандай бір аңыз естіген екен.



Баяғыда Сыр өңірі ырысты өлке болыпты. Ақ күріш жайқала өсіп, қамба астыққа толыпты. Халықтың қуанышы Сырдария өзеніндей тасыған кез екен. Ауылдағы күріш егетін жалғыз қарт кәрілік жеңіп, төсек тартып жатып қалыпты. Сонда әлгі ақсақал ауылдастарын жиып алып:

– Жарандар, асарымды асап, жасарымды жасадым. «Ас – адамның арқауы» деген ғой, ол еңбекпен табылады. Арқауы бос арқан үзілгіш келетінін ұмытпаңдар. Көктем болса, мынау, келіп қалды. Егін егу қажет. Кетпен ұстар кім бар? Көзімнің тірісінде қасиетті кетпенімді өз қолыммен табыс етейін. Елін асырар ер қайда, қайсың барсың? – депті.

Жиылған жұрт үн-түнсіз. Қарттар жастарға, жастар ақсақалдарға қарайды.

– «Сыр өңірі қамысты келеді, Сыр перзенті намысты келеді», – деуші еді аталарымыз. Намыссыздар ғана қалғаны ма, түге? Бұларың қалай? Кім бар менің қолымнан кетпенді алар?

Тіс жарып сөйлеген тірі жан болмайды. Қарт диқан теріс қарай аунап түседі де мәңгілік көз жұмады.

Көктем өтеді, жаз өтеді. Қыс қаңарына мінген шақта қамбадағы ақ күріш те таусылады. Ала жаздай атқа мініп, көкпар шапқанына мәз боп жүрген көпшілік не істерін білмей, қатты күйзеледі.

«Ақымақтың ақылы түстен кейін енеді» дегендей, бәрі де бармағын тістеп, диқан атаның тілін алмағанына өкінеді. «Енді жаз шықса, бәріміз де күріш егейік», – деп келіседі.

Әкесі осы жерге келгенде Мақсұт:

– Әке, мен де күрішші боламын! – деді алысқа қарап.

Содан бері көп жыл өтті.

Баяғы ертегінің әсері ме, өзінің таңдағаны ма, – әйтеуір, Мақсұт агрономдық білім алып шықты. Талай жыл диқандардың күріштен мол өнім алуына көмектесіп, тапқырлығымен, еңбекқорлығымен елін сүйсіндірді.

Базарбай Исаев

АББ

Атакәсіп – үйреншікті шаруа, бұрыннан білетін іс
Ырысты өлке – астықтан мол өнім беретін өлке
Агроном – ауылшаруашылық маманы



Ыбырай Жақаев (1891–1981) – әйгілі күріш өсіруші. Қызылорда облысының Шиелі ауданында дүниеге келген. Күріштің әр гектарынан 171 центнер өнім алып, рекорд жасаған. Екі мәрте «Еңбек Ері» атағын алған. Орден, медальдармен марапатталған.

Білгенге маржан



Күріш – астық тұқымдасына жататын бір немесе көпжылдық өсімдік. Ол көп суды қажет етеді. Күріштің дәрілік қасиеті де бар. Одан май да алынады. Күріштің сабаны қағаз жасауға жұмсалады.



Құра



2. Аңыздың мазмұнын төменде берілген етістіктердің көмегімен қысқаша әңгімеле. Етістіктерге *кім?* деген сұраққа жауап беретін сөздерді тіркестіріп айт (мысалы, қария қартайды ...).

Қартайды, табыс етпек болды, назаланды, кейіді, көз жұмды, күйзелді, бармағын тістеді, өкінді, аттанды.

3. Кейіпкерлердің іс-әрекеті мен көңіл күйі не себепті өзгергенін түсіндір.
4. «Әке, мен де күрішші боламын!» – деген Мақсұт қай мамандықтың иесі болды?
5. Мәтіндегі жер-су атауларын картадан іздеңдер.
6. Мұғалімнің көмегімен таңдаған дәнді дақылдарыңа таныстырылым жасаңдар.
- Таныстырылымның тақырыбын табу.
 - Дақылды баптап өсіруші кәсіп иесімен таныстыру (біз ...).
 - Егістікте жұмыс жасайтын басқа кәсіп иелерін анықтау.
 - Дақыл туралы жұмбақ, сөзжұмбақ, өлең құрастыру.



Қорыт

7. Күріштің қандай пайдасы бар?
8. Күріш өсірудің қандай ерекшелігі бар?

- Мәтіннен Сыр өңірін сипаттайтын эпитет сөздерді тауып, жаз. Күріштен жасалатын бір тағамның даярлау тәсілін сұрастырып, жазып ал.



ТЕҢІЗШІЛЕР ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ



Иллюстрацияны қолданамын.
Кейіпкердің іс-әрекетін бағалаймын.

Құра



1. Сурет бойынша әңгіме құраңдар.
Теңіз флотына қатысты қандай мамандық иелері бейнеленгенін ата.



Жюль Верн (1828–1905) – фантастикалық роман жанрының негізін қалаушы француз жазушысы. Ол 66 роман жазған. «Әуе шарында өткен бес апта», «Капитан Гранттың балалары», «Сырлы арал», тағы басқа шығармалары бар. Жазушының кітаптары дүниежүзінің көптеген тіліне, оның ішінде қазақ тіліне де аударылған.

Түсініп оқы

Дик Сэнд

... Бұл жас матрос – ата-анасы белгісіз жетім бала еді. Бала «Дик Сэнд» атанып кетті. Сірә, ол Нью-Йорк штатында туса керек.

Дик Сэнд – онша бойшаң болмаса да, шымыр денелі, көкшіл көзінен от шашырап тұрған қоңыр шашты бала еді. Теңізшіліктің ауыр жұмысы оны келешектегі тұрмыс талқысына дайындап та қойған. Оның кескінінен жігер көрініп тұр. Бұл – тек батыл адамға ғана тән кескін емес, қажымас талапты да аңғартады. Ол он бес жасынан-ақ мақсат көздеп, сол мақсатын ақырына дейін жеткізе білді. Балалық дәуірінде келешегін ойлайтын бала сирек кездеседі ғой. Ал Дик Сэнд алдағы өмірінен өз үлесін аңғара біліп, «ат болар құлын талпынып туар», – деп, өзіне өзі серт берді. Ол шапшаң да икемді, қайратты да тапқыр.

Ол төрт жасынан-ақ оқи білді. Сегізге келгенде оңтүстік елдерге қатынап жүрген бір кемеге юнга болып орналасты. Бала кезінен-ақ бар ықыласы теңізге ауған еді.

Дик Сэнд кемеде жүріп теңізшілік өнерін үйренді. Талантты баланы кеме офицерлері ұнатты. Оның теңіз өнерін үйренуіне басшылық етті.

Еңбек – өмір заңы екенін кімде-кім бала кезінен аңғарса, кімде-кім нанның маңдай термен табылатынын жастайынан ұқса, соның қолынан ерлік те келеді.

Дик істеп жүрген кемені басқаратын капитан Гуль қабілетті балаға ерекше назар аударды. Батыл бала жігерлі теңізшіге аса ұнады. Ол Сан-Францискоға қайтқан соң, баланың жайын кеме қожасына баяндады. Джемс Уэлдон юнганы оқуға беріп, оның мектеп бітіріп шығуына жәрдем етті.

Дик білім алуға бар ықыласын сала кірісті. Ол география, саяхатшылар тарихына ерекше көңіл бөлді. Мек-

тепте жоғары математика мен навигациядан сабақ берілмегеніне қатты қынжылатын. Ол мектеп бітірген соң Джемс Уэлдонның кит аулайтын кемесіне матрос болып орналасты. Нағыз матрос болып шығу үшін алыс сапарға қатынайтын кемеден гөрі кит аулау кәсібінің маңызы зор екенін Дик жақсы білді. Матростық мамандығына дайындалып жүрген жастар үшін кит аулайтын кемеді қызмет ету – тәжірибенің ең жақсысы еді. Сондай кеме «Пилигрим» болып шықты. Бұл жас матросқа ең қолайлы жағдай болды...

Жюль Верн «Он бес жасар капитан»,
аударған – С. Есжанов

АББ

Тұрмыс талқысы – тіршіліктегі, тұрмыстағы қиыншылық
Юнга – матростың көмекшісі
Навигация – кемелерді басқару, су жолын таңдау әдісі туралы ғылым



2. Кейіпкер теңізші болу үшін ненің қажеттігін түсінді?



3. Автор еңбек туралы қандай пікір айтқан? Тауып, оқы.



4. Оқиғаның қай мемлекетте болғанын анықтаңдар.

Бағала

5. Қалай ойлайсың, Дик Сэнд теңізші болуға лайық па? Оның теңізшілік өнерді үйрену тәжірибесіне қандай баға берер едің?

Білгенге маржан



Бұл кітапта «Пилигрим» кемесінде болған оқиғалар баяндалады. Бес матрос пен капитан китпен шайқаста қаза табады. Енді кеме мені он бес жасар юнга басқарады. Осы таңғажайып тағдырлы бала Дик Сэнд туралы қызықты кітапты тауып оқуға кеңес береміз.



6. Теңізшінің қандай болуы керектігін айтып беріңдер.

Есіңе түсір



Шығармада кейіпкердің сыртқы түрінің, кескін-келбетінің суреттелуі **портрет** деп аталады.

Дик Сэнд – онша бойшаң болмаса да, шымыр денелі, көкшіл көзінен от шашырап тұрған қоңыр шашты бала еді... Оның кескінінен жігер көрініп тұр. Бұл тек батыл адамға ғана тән кескін емес, қажымас талапты да аңғартады. Ол – шапшаң да икемді, қайратты да тапқыр.

Біліміңді қолдан



7. Бір-біріңнің портретіңді сипаттап айтыңдар.

Қорыт



8. Теңізші кәсібі туралы қандай жаңа ақпарат алдыңдар?

9. Өзіңе ұнайтын кәсіп жөнінде не білгің келеді?



Суреттегі мамандық иелерін, заттарды сипаттап жаз.



матрос



капитан



желкен



боцман



ӨНЕР - ТАУСЫЛМАС АЗЫҚ



Мәтін мазмұнын әңгімелеп үйренемін.
Жоспар құрып жазамын.



1. Мақал-мәтелдің мағынасын түсіндіріңдер.

Өнер көпке де жеткізеді,
Көкке де жеткізеді.

Өнерлі бала – елдің көркі,
Үкілі қамыс – көлдің көркі.

Өнерлі баланың он саусағы тең.



Несеіпбек Айтөв – ақын. 1950 жылы Шығыс Түркістанның Тарбағатай аймағы Шәуешек ауданында дүниеге келген. Балаларға арналған «Қартаймайды Күн неге?», «Бөрітостаған», «Құланойнақ» және тағы басқа кітаптары бар. «Парасат» орденінің иегері.

Түсініп оқы

Өрмекші мен шыбын

(мысал өлең)

Неше түрлі өрмекті
Тоқыпты бір өрмекші.
Өрмекшінің өнерін
Бопты шыбын көрмекші.

Әдейі іздеп келіпті,
Келіп сәлем беріпті.



Таңғажайып өрмекті
Тамашалап көріпті:

– Құтты болсын өрмегің,
Ерен екен еңбегің!
«Үйренейін», – деп келдім,
Болмаған соң ермегім.

Өрмекші айтты:
– Шыбыным,
«Ермек» деп жүр мұны кім?
Осы өнердің соңында
Келеді өтіп ғұмырым.

Тоқып келем ерінбей,
Қиындықтан жерінбей.
Өрмектің әр өрнегі
Төккен маңдай терімдей.

Болсаң егер үйренер,
Күнде біздің үйге кел!
Ерінбесең алдыңнан,
Есік ашар қилы өнер.

Бастамақ боп бұл істі,
Шыбын дереу кірісті.
Бірақ көпке шыдамай,
Бір қонды да бір ұшты.

Шошандауын қоймады,
«Оп-оңай!» деп ойлады.
Бір тоқып, бір отырып,
Өрмекпенен ойнады.

Торға шығып ырғалды,
Бәлеге енді шын қалды.
Шатасты да маталды,
Шықпастай боп шырмалды.

Н. Айтов



АБВ

Ермек – бұл жерде: алданыш, уақыт өткізу
Ғұмыр – өмір
Қилы – әртүрлі, алуан

2. Сұрақтар бойынша мазмұнын әңгімелеймін.

- Мысал өлеңдегі оқиға қалай басталды?
- Оқиға ары қарай қалай дамыды?
- Оқиға қалай аяқталды?



Мазмұндау – мәтінді оқып, түсініп, мазмұнын айтып беру. Мазмұндау барысында мәтіндегі негізгі ой ашылуы керек. Мазмұндаудың бірнеше түрі бар:

Толық мазмұндау

Мәтінді авторлық нұсқаға мейлінше жақын етіп мазмұндау.

Қысқаша мазмұндау

Мәтіндегі ең маңызды тұстарды өз сөзімен қысқартып айту.

Шығармашылық мазмұндау

Бірінші жақтан айтылған оқиғаны екінші немесе үшінші жақтан өзгертіп баяндау, мәтінді сахналау, сөзбен сипаттау, оқиғаның дамуын болжап, өзгертіп, т.б. мазмұндау.

Бағала



3. Шыбынның қай сөзі Өрмекшіге ұнамады?

Мәтіннен Шыбынды сипаттаған сөздерді (етістіктер) тауып жаз.



Салыстыр

4. Өрмекшінің өнері суреттегі қай кәсіп түріне ұсайды?



5. Мысалдың кейіпкерлері қай жануарға ұқсас екенін түсіндіріңдер.



Қорыт

6. Мысал өлеңдегі негізгі ойды білдіретін шумақты тауып, оқы.



Мысал мазмұны бойынша жоспар құрып жаз.



ОҚЫҒАН ЖЕТЕР МҰРАТҚА



Мәтіндердің негізгі ойын түсінемін.
Шығармашылық жұмыстар жасаймын.

Пікіріңді білдір

1. Өнер-білім не үшін керек?



Мағжан Жұмабаев (1893–1938) – ақын, жазушы, аудармашы. Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы «Сасықкөл» деген жерде дүниеге келген. Бала кезінде өте зерек болып, 4 жасынан хат таныған. Мағжан «Түркістан», «Көкшетау», «Қазақ тілі», «Өнер-білім қайтсе табылар?», т.б. өлеңдер, «Батыр Баян» атты поэма жазған.

Түсініп оқы

Қарағым

Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!
Ойынға, құр қаларсың, көңіл бөлме.
Оқымай ойын қуған балаларға
Жолама, шақырса да, қасына ерме!

Кідірме, аялдама, алға ұмтыл,
«Алам», – деп көктен жұлдыз қолың серме.
«Қарманған қарап қалмас» деген рас,
Тоқтамай істей білсең батып терге.
Жасынан оқу оқып, өнер қуған
Жан жетпес көңілі жүйрік кемеңгерге...

Мағжан Жұмабаев

АБВ

Қарманған қарап қалмас – бұл жерде: «оқысаң, өнерлі, білімді боласың» деген мағынада
Кемеңгер – данышпан, ақылды

2. Ақын балаларды неден сақтандырады?

?

3. Ақынның «Тоқтамай істей білсең батып терге» дегенін қалай түсінесің?



Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893–1920) – ақын. Бұрынғы Көкшетау облысының Қызылту ауданында дүниеге келген. Қысқа ғұмырында ақын қазақ әдебиетінің алтын қорына бағалы мұра қалдырды. Ол замандас қазақ жастарын білім мен өнер арқылы өмірден өз орнын табуға шақырды. «Оқу», «Айт», «Оқып жүрген жастарға», «Бір адамға», т.б. өлеңдері бар.

Түсініп оқы

Шәкірт ойы

Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып, Күн болам!
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда, кім болам?!
Мұздаған елдің жүрегін
Жылытуға мен кірермін.



Еңбек, бейнет тарауы
Рақатқа сарқылар.
Қыздырып Күннің қарауы,
Надандық теңізі тартылар.
Орны отайып, көгерер,
Қызығын жайлап ел көрер...
Тұрмыс, тағдыр – бірі де
Бұл мақсаттан бұра алмас...

Сұлтанмахмұт Торайғыров



АББ

Шәкірт – білім алушы, оқушы
Надандық – бұл жерде: білімсіздік

?

4. Өлеңдегі қараңғылық деген – не?

Салыстыр

5. Өлең неліктен «Шәкірт ойы» деп аталған?
6. «Қарағым» өлеңіндегі кейіпкерді ата.

Q

7. Ақындардың қиял-арманы қандай сөздерінен байқалады?

iii

8. «Босқа жүру» дегенді қалай түсінеміз?

1-топ

Қимыл-қозғалыс,
ым-ишарамен
сахналап
бейнелейді.

2-топ

Эссе түрінде
жазады.

3-топ

Себептерін
топтастыру
сызбасы
түрінде ұсынып,
түсіндіреді.

Қорыт

iii

9. Өлеңдерден ортақ қандай ой түйдіңдер?

🏠

Ұнаған өлеңнен үзінді жаттап ал.



ӨНЕРЛІНІҢ ӨРІСІ КЕҢ



Мәтіннен ақпаратты тауып оқимын.
Шығарманың мазмұны бойынша жоспар құрамын.

Ойлан



1. Суреттегі өнер иелері туралы не білесіңдер?



Құрманғазы
Сағырбайұлы



Бибігүл
Төлегенова



Әбілхан
Қастеев

Ойыңмен бөліс

2. Қазіргі кезде өзің үшін үлгі тұтар өнер иесі – кім?



Кәдірбек Сегізбайұлы – жазушы, журналист, аудармашы. 1941 жылы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Жарсу ауылында дүниеге келген. «Қойнаудағы ауыл», «Жол», «Біз қалада тұрамыз», «Жылдың ең қысқа күндері» кітаптарының авторы.

Түсініп оқы

Құмға салған сурет



Әке-шешеден ерте айырылған жетім бала тіршіліктің қиындығын көп тартты. Қой соңында күндер өтті. Жұрттың баласы хат танып, сабақ оқығанда мұның қолынан бар келгені – күйемен тас бетіне немесе сұқ саусағымен құмға сурет салу. Немесе қашау, бәкісін ала жүріп, балшық пен ағаштан мүсін жасау.

– Бала, әкең Қастей – марқұм үндемей, қой соңынан ергенді ғана білетін момын кісі еді. Мынауың бір біз білмеген де, кәсіп қылып айналысып көрмеген де өнер екен! – деді бір күні Әбілханның ағаштан жасаған мүсіндерін көрген, «Түргенбай» деген қарт ұста.

Жетім бала өзі машықтанып жүрген ісіне тұңғыш рет қолдау естіді.

– Білімсіз адамның өрісі тар, құлашы қысқа. Сурет салуға талабың бар екен. Оқуың керек шығар, балам, – деген еді бірде ол.

Осы сөз оның алдынан бақыт шырағы болып жылтырады. Бірақ жұрт қатарлы оқуға күш қайда? Әрбір әріпті әркімнен сұрап, онысын құм бетіне түсіріп жүріп-ақ жазып, оқуды меңгерді. «Білсем, үйренсем» деген құштарлық барған сайын арта түсті.

Ақыры, ол бір кеште өгізге жайдақ мініп, Сағымбек қартқа тартты. «Елге аты шыққан шежіре қарт жөн көрсетер», – деп ойлады.

– Ұланым, тай сұрай келдің бе, тон сұрай келдің бе? – деді шежіре қарт амандықтан соң.

– Ата, жөн сұрай келдім. «Оқысам, білсем!» деген талабым бар, бірақ жетімдіктің тұсауы жібермейді. Не істесем болады? – деді Әбілхан.

Шежіре қарт бір сәт сақалын саусағымен салалап, ойға батты.

– Япырым-ау, осынша жасқа келгенше, мұндай сауалмен алыстан келген баланы көрмеп едім,... – деді бір кезде.

Көп ұзамай-ақ Әбілхан шежірешінің ақылымен, ол берген азын-аулақ қаражатпен ауылдан Жаркентке келді.

Бір сыныптық та білімі жоқ суретшінің өмір жолы осылай басталды. Талай-талай кедергіге жолықты. Ата-баба айналысып көрмеген өнерге жол табу оңай болған жоқ. Сонау 1929 жылдары өнер іздеп, оқу іздеп Алматыға келгенде де хат танымайтын, білімі жоқ жігітке оқу табыла қоймады.

«Қазақтың сурет өнерінің ең басында тұратын атақты суретші – Әбілхан Қастеев» атанарын ол кезде ешкім де ойламаған еді. Құмға сурет салудан бастаған балалық талап үлкен өнерге осылайша жол салды.

Кәдірбек Сегізбайұлы

АБВ

Шежіре қарт – тарихты, шежірені жақсы білетін адам

Есіңе түсір

мәнерлеп оқу

рөлге бөліп оқу

шапшаң оқу

түртіп алып
оқу**Оқу
түрлері**

буындап оқу

жатқа оқу

іштей оқу

көз жүгіртіп
оқу**Дәлелде**

3. Әбілханның атақты суретші атануына мына қасиеттердің қайсысы қажет болды?

Талап, еңбекқорлық, білуге құштарлық, табандылық, төзімділік.



4. Мәтінде білімсіз адам туралы не айтылған?

5. Әбілхан Қастеевтің өмір сүрген заманы туралы не білесің?/не білдің?/не білгің келеді?

Білгенге маржан

Алматы қаласындағы Ә. Қастеев атындағы өнер музейінің негізі 1976 жылы қаланды. Музейге Ә. Қастеевтің «Мектепте» (1930), «Түркісіб» (1932), «Жамбылдың портреті» (1937), «Ескі және жаңа тұрмыс» (1937–1941), «Амангелді сарбаздары» (1970), «Жас Абай» (1945) сияқты туындылары қойылған.



6. Мәтіннің мазмұны бойынша жоспар құрып жаз.

Қорыт

7. Кейіпкердің қандай қасиетін үлгі етуге болады?



Алматы қаласындағы Ә. Қастеевтің музейімен танысып, ол туралы әңгімелеуге дайындал.



МАМАНДЫҚТЫҢ БӘРІ ЖАҚСЫ



Шығармадан көркемдегіш құралдарды табамын.
Оқу түрлерін қолданамын.

Есіңе түсір

1. «Мысал» дегеніміз – не?

Құра



2. Суреттегі құмырсқаны қай мамандық иесіне ұқсатар едің?



3. Осы кейіпкердің атынан сөйлеңдер. «Мен ...»



Пікіріңді айт



4. «Адамға, қоғамға пайдалы мамандық иесі болу» дегенді қалай түсінесіңдер?

Түсініп оқы

Екінші мамандық

(мысал өлең)

– Мен Балтамын, Балтамын,
Еңбек күйін тартамын.
Екінші бір мамандық
Алмағанға бар таңым.
Жаз ба, күз бе, қыс мейлі,
Шебер қолдан түспеймін.
Балға жоқта балғаның
Қызметін де істеймін.
Бұл әңгіме тосын-ды.
Оған Оқтау қосылды:
– Бар екінші өнерім,
Қолдаймын мен досымды.
Тек нан илеп қоймаймын,
Мен де көп ой ойлаймын.
Тоқпақ болып тентектің
Төбесінде ойнаймын!
– Екінші өнер керемет!
Маған да сол керек ед.
Икемделдім, – деп қойды
Кресло-кереует...
– Алса қолға шеберің,
Болмас маған теңерің.
Неше түрлі ағашты
Қашау – менің өнерім, –
Деді Қашау, – Ғұрыпты
Бұзбай атам жүріпті.
Ал мен болсам, қосымша
Бұрай алам шурупты!
– Көкке қолын жайғандар,
Ойланыңдар, ойлаңдар! –
Деді екінші мамандық
Алған құрал-саймандар.

Қадыр Мырза Әли



А58

Шуруп – бұрандалы шеге
Көкке қолын жайғандар – бұл жерде: «түк істемей бос жүргендер» деген мағынада

Анықта

5. Өлеңдегі негізгі ойды тап.

Салыстыр

6. Кейіптеу кейіпкеріне ұқсастырып, үйде, айналаңда нені мысал етіп айтар едің?



Кейіптеу – табиғат құбылыстарын тірі адам кейпінде немесе жансызды жанды түрде суреттеу тәсілі.

Орында

7. Мысал өлеңдегі кейіптеу кейіпкерлерін ата.



8. Кестемен жұмыс.

1. Кейіпкерлердің сөйлеу мәнерін рөлге бөліп, сахналап оқыңдар.

2. Қай шумақ хормен оқылатынын мұғалімнің көмегімен анықтаңдар.

Біздің театр

3. Кейіпкер сөзіне сәйкес одағай сөздерді қосып айтыңдар: Тоқ-тоқ! Тық-тық! Дүңк-дүңк! Шиқ-шиқ!

4. Балтаның сөзін екінші жақта (сен) өзгертіп оқыңдар.



Бірнеше мамандық иесі, өнер иесі болудың артықшылығы туралы ойыңды жаз.



Сюжеттің дамуын болжаймын.
Өмірде болған ұқсас оқиғалармен салыстырып, пікір білдіремін.

Орында



1. 1-топ аспаз рөліне еніп, өте дәмді тағамның жасау әдісіне таныстырылым жасасын.



2-топ аспаз рөліне еніп, өте ащы тағамның жасау әдісіне таныстырылым жасасын.

3-топ таныстырылған тағамдарға кестедегі сөздерді пайдалана отырып баға беріңдер.

Тағамның
сипаты

+

Тағамның
құрамы

=

Керемет!
Жақсы!
Жарайсың!

Түсініп оқы

Ақылды аспаз

(молдаван халық ертегісі)

Ерте, ерте, ертеде, бір патша маңайындағы патшаларды, корольдерді, уәзірлерді шақырып, үлкен той жасағысы келеді. Той алдында үш күн бұрын аспазын шақырып алып, мол ақша береді де:

– Базарға барып, дүниедегі ең дұрыс, ең қымбат азық-түлікті сатып әкел. Үстел үсті ең дәмді, тіл үйіретін тағамдарға толы болсын, – деп бұйырады.

Аспаз базарға барып, патшаның берген бар ақшасына тіл сатып алады, дәмдеуіштерді қосып, патша үстеліне қойылатын тағамдарды дайындайды.

Сонымен, жан-жақтан меймандар келіп, патша дайындалған тағамдарды әкелуді бұйырады.



Аспаз әр қонаққа бір түйір піскен еттен ұсынады. Қонақтар дәмді тілді тез жеп қояды. Патша тағамның тағы бір түрін алып келуге әмір етеді. Аспаз тағы да қонақтарға тіл ұсынады. Қонақтар аң-таң болып, бір-біріне қарайды. Іштерінен: «Бұл жердің салты осылай шығар» деп ойлайды.

Қонақтар ұсынған тағамды жеп: «Енді не берер екен?» – деп күтеді. Патша бұйырады. Тағы да тіл әкелінеді.

– Бізге неге бір ғана тағамды береді? – дейді қонақтар патшаға.

Патша аспазды шақырып алып:

– Мен саған: «Төрткүл дүниедегі ең дәмді, тіл үйретін тағам дайында!» – дегенім қайда? Мынауың қалай? – деп ренжиді.

– Уа, парасатты патшам! Бұл жарық дүниеде тілден артық не бар? Тіл патшаны таққа отырғызады. Тіл соғысты тоқтатып, екі жақты келісімге әкеледі. Дүниедегі ең тәтті сөздерді де тіл айтады.

Аспаздың сөзіне қонақтар таңданып, тапқырлығы үшін мақтайды. Ақыры олар бір-бірімен ақылдасып, аспазды дүниедегі ең жаман нәрсені сатып алуға қайтадан базарға жібереді.

Оқиға мазмұнын әрі қарай болжа.

Аспаз бұл жолы да ... сатып әкеледі.

– Ау, мен саған: «Дүниедегі ең жаман нәрсені сатып әкел!» деген жоқпын ба? – деп патша ашуланады.

– Парасатты патшам! Ойлап қараңызшы. Дүниеде тілден асқан бүлдіргіш бар ма? Тіл достықты, келісімді, бейбітшілікті – бәрін, бәрін бүлдіреді, бұзады, қиратады. Дүниедегі жаман сөзді де айтатын – тіл емес пе? Мұны жалған деңізші!

Патша да, оның қонақтары да үндей алмай, аспаздың ақылына таңғалыпты.

Аударған – Шәкен Күмісбайұлы

АБВ

Төрткүл дүниеде – дүниежүзінде
Парасатты – ақылды, данышпан



2. Мәтіндегі көп нүктенің орнына қандай сөз қойылады?

Пікірталас



3. Ертегідегі қонақтар аспазға риза болды.
Иә, себебі ... Жоқ, себебі ...

Дәлелде

4. Патшаның аспазы нағыз маман ғана емес, ол (қандай аспаз?) ...
5. Аспаз болу оңай ма?



Ертегі мазмұны бойынша жоспар құрып жаз.

**ҚУАНЫШ СЫЙЛАУ ДА - БАҚЫТ**

Шығарманың мазмұнын өзгертіп оқимын, мазмұндаймын.
Автордың негізгі ойын өлеңнен деректер келтіріп дәлелдеймін.

Орында

1. Үлгі бойынша етістіктерді өзгертіп айт.

өсермін	өсерсің	өсер
ойлап табармын
қуантармын

2. Етістіктерді пайдаланып, қиялыңдағы мамандық туралы эссе жаз.

Түсініп оқы**Құштарлық**

Корабльді басқарып,
Көк жүзіне самғармын.
Канал қазып, тас жарып,
Мұхиттарды жалғармын.
Таңдандырар бар елді
Ғажап үйлер салармын.
Жасартатын әжемді
Дәріні ойлап табармын.
Мұзды жарып зырлайтын
Кемемен жол асармын.
Бұзылмайтын, сынбайтын
Ойыншықтар жасармын.
Ертегінің сарайын
Жер астынан табармын.
Жұлдыздардың талайын
Қолыма алып санармын.



Атам айтты: «Қарағым,
Айың тусын оңыңнан.
Ал білімсіз баланың
Түк келмейді қолынан!»

Фариза Оңғарсынова



АБВ

Айың тусын оңыңнан – «өмірде жолың ашық болсын!» деген мағынада

3. Өлеңдегі кейіпкердің арманын 2-жақта өзгертіп оқып, мазмұнда.
4. «Ертегінің сарайын» қай маман іздейді?
5. Өлеңдегі негізгі ойды білдірген шумақты тауып, оқы.

Дәлелде

6. «Жұлдыздардың талайын қолыма алып санармын» деген баланың қиялы іске асуы мүмкін бе? Дәлел келтір. Себепін түсіндір.
7. Атасы айтқан білімсіз баланың не істегені дұрыс?

үнемі оқу

тыңдау

ұмтылу

үйрену

еңбектену

өз күшіне сену

Бағала



8. Сендерге кейіпкер таңдаған мамандықтың қайсысы ұнады?



Өлеңнің ұнаған шумағын жаттап ал.

**ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР**

Тарау бойынша оқығандарымды қайталаймын.
Білімімді бағалаймын.



1. Диалог қай шығармадан алынған?

– Әке, маған қарашы,
Мен өскенде кім болам?
– Кім болсаң да, өзің біл,
Айналайын, күн балам!..

2. Авторларды ата. Олардың қандай шығармасын білесің?



3. Мақал-мәтел мен сөйлемді оқып, аллитерацияны тап.

- а) Еңбек етпесең, елге өкпелеме,
Егін екпесең, жерге өкпелеме.
ә) Жылдар жылжып өтіп жатты.



4. Мәтінді оқып, тақырыбын айт. Қай кейіпкердің сөзі екенін тап.

«Әрине, жаман. Үсті-басың-ның май-май боп жүргені қайбір жақсы дейсің?! Иісі де жүрек айнытады...»

«Менің көкем – ең ақылды адам», – дейтін болды.

5. *Кетпен, қария* сөздеріне байланысты аңызды әңгімеле. Мұғалімнің көмегімен сөз тіркестерін сипаттап жаз:

- а) Қыс төбесін көрсетті.
- ә) Бармағын тістеу.

6. Көп нүктенің орнына керек сөздерді қойып, сөйлемдерді оқы.

Әңгіме ... деген бала туралы. Он бес жасар атты кемеде қызмет етеді. Кеме капитаны – деген адам. Романның авторы – француз жазушысы – Қазақшаға аударған –

Керек сөздер: Гуль, Дик Сэнд, С. Есжанов, Жюль Верн, юнга, «Пилигрим».

7. Бұлар – қандай әдеби кейіпкерлер?



8. «Ақылды аспаз» ертегісінен «қонақ» сөзімен мәндес сөзді іздеп, тап.



9. Бөлім бойынша ойыңды жазбаша түйінде. «Мамандық туралы мәтін бойынша айтар ойым» деген тақырыпқа эссе жаз.

Нені білесің:

- ◆ Шығарманың негізгі ойын анықтайсың.
- ◆ Сюжеттің дамуын болжайсың.
- ◆ Кейіпкердің іс-әрекетін бағалайсың.
- ◆ Тапсырманың себеп-салдарлық байланысын сызба арқылы көрсетесің.
- ◆ Шығармадағы көркемдегіш құралдарды анықтайсың.
- ◆ Мәтінді өзіңше аяқтайсың.
- ◆ Қатені табасың. Өз біліміңді тексересің.



Т. ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ



ТӨРТ ТҮСТІ ЖЕР ҮСТІ




Өлеңдегі негізгі ойды анықтаймын.
Тапсырманың себеп-салдарлық байланысын сызба арқылы көрсетемін.

Әңгімеле

1. Сурет бойынша жыл маусымдары туралы әңгімеле.



2. Жыл маусымдарын, айларын сызба арқылы бейнелеп көрсетіңдер.





Мақсұт Неталиев (1934–2015) – ақын, Атырау облысының Исатай ауданына қарасты Бегайдар ауылында дүниеге келген. Ақын өлеңдерінің тақырыбы алуан түрлі. Балаларға арнап жазған «Кептер мен дән», «Көктем», «Күз суреті», тағы басқа өлеңдері бар.

Түсініп оқы

Жаратылыс жұмбағы

(үзінді)



Атырауда мұнайлы
Бір қыз болды шырайлы...
Білмейтұғын нәрсесін
Атасынан сұрайды.
– Ата, – деді Шырайлым, –
Тағы бір сөз сұраймын:
Саябаққа барғанда
Қараймын жас талдарға.

Сыбырлайды жапырақ...
 Оларда да жан бар ма?
 – Орынды бұл сұрағың,
 Ойыңды әбден ұғамын...
 Адамнан еш аумайды
 Табиғаттың өзі де.
 Даласы бар, тауы бар,
 Бақшасы мен бауы бар.
 Жапырағы жайқалған
 Жасыл орман тағы бар!
 Қысы-жазы жауатын
 Жаңбыры бар, қары бар.
 Бәрінің де жаны бар.
 Не қажеттің бәрі де
 Табиғаттан табылар!
 ...Көресің бе, Күн, Айды,
 Ол да тірі сыңайлы.
 Кіндігі оның – Жер-ана,
 Тіршілікті құрайды!
 Адамға ұқсас мінезі:
 Ол да өзінше күледі,
 Ол да өзінше жылайды.
 Не сұрасаң, береді,
 Ол да сенен сұрайды.
 Табиғаттың тәртібі
 Кім-кімге де ұнайды.
 Кей қылығың жақпаса,
 Ол да сені сынайды...
 Ашуланса кенеттен,
 Бұзып шығып бөгеттен
 Тасқын болып құлайды...
 Енді, қызым, ұқтың ба? –
 Деп атасы сұрайды.

Мақсұт Неталиев

АБЭ

Сыңайлы – сияқты

44

3. Атасы табиғат құбылысын кімге ұқсатады?
 4. Қалай ойлайсың, табиғат неге жылайды, неге күледі?



Пейзаж – көркем әдебиетте суреттелген табиғат көрінісі. Жазушы пейзаж арқылы көбелектің қанатының дірілін, жапырақтың сыбдырын, судың сылдырын құлағымыз естіп, көзіміз көргендей әсер қалдырады.

Пікіріңді айт

5. Шырайлымның сұрағына сен қалай жауап берер едің?
 6. Білмеген сұрақтарыңның жауабын қайдан табуға болады?



Анықта



7. Қай табиғат құбылыстарының шартты белгісі берілген?



Қорыт



8. Атасының Шырайлымға айтқан сөзінен негізгі ойды тауып, оқы.



Жер-ананың адамға ұқсастығы туралы жаз.



ҚЫС БЕЙНЕСІ



Шығармаларды салыстырып үйренемін.
Көркемдегіш құралдардың қолданысын анықтаймын.

Сипатта



1. Қысқы табиғат құбылыстарын атап, сипаттаңдар.



Сәкен Сейфуллин (1894–1938) – ақын, жазушы, ұстаз, қоғам қайраткері. Қарағанды облысының Шет ауданы Қарашілік қыстағында дүниеге келген. Ақынның өлеңдерінен туған жерін, оның табиғатын ерекше сүйгенін көреміз.

С. Сейфуллин атында көшелер, театр, кітапханалар бар.

Түсініп оқы

Қызыл шұнақ

Шытынайды тыста аяз –
Қызыл шұнақ үскірік.
Қылшылдайды жалаңдап,
Зәрлі деммен ысқырып.
Ұшан-теңіз қалың қар
Жерді басып жабады.
Шұнақ аяз жалаңдап,
Екі санын сабады.
Мұздай демі бет қарып,
Аяз аузын ашады.
Құлақтанып қызыл күн,
Жасыл ұшқын шашады.

Сәкен Сейфуллин



АБЗ

Қызыл шұнақ – бұл жерде: бет қаратпайтын, қатты, суық үскірік аяз



2. «Қызыл шұнақ» өлеңінен қылшылдап, жалаңдап, ысқырып, санын сабалап, аузын ашып деген сөздерді оқығанда қандай әсерде болдың?



Жүсіпбек Аймауытов (1889–1931) – жазушы, ақын, аудармашы. Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы Қызылтау атырабында дүниеге келген. Жазушының «Әнші», «Боранды болжағыш әулие», тағы басқа әңгімелері бар.

Есіңе түсір

3. 3-сыныпта оқып-танысқан «Қартқожа» романындағы оқуға құштар баланы ұмытпаған боларсың?

Қыс


Жалп-жалп, жалп-жалп жауды қар,
Тон киіндік, тоңды мал.
Бұрқ-бұрқ, бұрқ-бұрқ боран бар,
Боран жоқта тұман бар.
Қызыл шұнақ қызыл бар,
Суда айна тас мүсін бар.
Қылаулатқан қырау бар...
Үйіп алған отын бар.
Бүрсеңдеген лақ бар,
Сүмеңдеген қонақ бар,
Қонақ айтар қызық бар.
Ай, балалар, балалар!
Күнде оқуға жүрелік,
Үйренелік, білелік!

Жүсіпбек Аймауытов





-  4. Өлеңдегі қыс бейнесі қандай?

Зерделеп оқы, дәлелде


-  5. Өлеңдерді салыстырып жазыңдар.

Өлеңдердің тақырыптары	
«Қызыл шұнақ»	«Қыс»
Өлеңдердегі кейіптеу кейіпкерлері	
...	...
Өлеңдердегі табиғат құбылыстарының атаулары	
...	...
Өлеңдердегі эпитет, теңеу сөздер	
...	...
Өлеңдердегі аллитерация сөздер	

Біліміңді қолдан

-  6. Абай Құнанбайұлының «Қыс» өлеңін тыңдап, ілесе қосылып айтыңдар.
-  7. «Қазақстанның кейбір облыстарында өлеңдегідей қыс болмайды» дегенге сенесің бе? (Жоқ/иә)

Қорыт

8. Өлеңдерге сүйеніп, өз жеріңдегі қысты сипатта.
-  Үлкендерден қар, аяз түрлерінің атауын сұрастырып, жазып ал.



51 КҮН РАЙЫН ХАБАРЛАЙМЫЗ



Кейіпкердің іс-әрекетін бағалаймын.
Түрлі дереккөзден ақпарат алуды үйренемін.
Шығармашылық жұмысты түрлі формада орындаймыз.


Орында



1. Карта бойынша жеріміздің батыс, шығыс, оңтүстік, солтүстік бөлігінің бірін таңдаңдар. Тележүргізуші (диктор) рөлінде



ертеңгі күн райына хабарлама жасаңдар.



Бағала

2. Өз жұмысыңа баға бер.

Маған диктор болған ұнады, себебі ...

Күн райын хабарлауда ойымды дұрыс жеткізуге қиналдым/қиналған жоқпын.

Түсініп оқы

Құралай

... Жұмабек тұра сала атасына барып, түз тағысы туралы сұрай бастады.

– Ата, ата, қорғансыз бөкен кімді пана тұтады?



– Е, балам, «Аңды иесі қорғайды немесе киесі қорғайды» деген бар... Сен табиғатты сүйген сайын онымен тілдесе алатын жағдайға жетесің. Сондықтан мынау дарқан даланың тілін ұқ, сырын сезуге тырыс. Күн батқан соң сені аспан әлемімен таныстырайын.

Алтын арайлы күн ұясына қызара қонып, төмендеп барады. Үп еткен жел де жоқ, төтеннен тына қалды. Міне, осы мезгілде атасы немересін қасына алды.

– Жұмабекжан, Құдай қаласа, ертең ауа райы жылы болады. Күн қызарып батса, осы болжамға сүйене бер, шырағым. Міне, көк жүзінде жұлдыздар оянды. Қандай керемет десеңші! Көне заманнан бері бабалар осы жұлдызға арқа сүйеп, жүрер жолын жобалап тапқан. Анау – Темірқазық. Ол солтүстік жақта тұрады. Адам асқан адам осыған қарап, бағытын табады.

Аспаннан мыңдаған жұлдыз жарқырайды. Мысалы, Жетіқарақшы. Көпшілік соған сеніп, адасып жатады. Өйткені Темірқазық секілді тұрақты орны жоқ, алмасып тұрады. Таң алдында Шолпан шығады. Ол да уақыттың шамасын білдіреді. Енді жата ғой. Ертең маған сенің көмегің керек, – деп, атасы көрпесін қымтап, көзі ілінгенше немересінің қасында отырды.

...Күн ұясынан көтерілмей жатып, көгендегі мал жақта салдыр-гүлдір басталып кетті. Әжем қой сауып жүр ме екен әлде атам су тартып жатыр ма? Бұл – не шу?

Жұмабек басын жастықтан көтеріп, айналаға қарады. Көзіне ілінгені – қораның бұрышында тұрған, түр-тұрпаты өзгеше, қоңқақ тұмсық сұр аң болды. Ол орнынан атып тұрды. Мәссаған, мынауың – құралай ғой. Қайдан, қалай келген?

– Ата-ау, қайдасыз, құралайды сіз бе әкелген?

– Жұмабекжан, «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» деген. Сенің құрметіңе құралайдың өзі келді. Анасынан көз жазып қалса керек. Бейкүнә жануар ғой, сен бағып-қақ. Ертең қатарға қоссаң, аңның да адамға аңсары ауады.

– Неткен көзі мөлдір, сүйкімді, момақан?!

– Шырағым, қай нәрсе де шақалақ шағында періште болады. Сен де маған сондайсың. Бейкүнә бала әрқашан тәтті ғой, осы қалпыңнан аумасаң, менің атыма жаман сөз айтылмайды. Жақсылық үшін ұмтылған ұл ертең елдің де үмітін ақтайды. Сондықтан жақсы оқып, тәртібіңе өзің сын көзбен қарап дағдылан.

– Айтқаныңызды орындаймын, ата...

«Даланың аңы қолға үйренбейді» деген – бос сөз екен. Құралай қараша үйге ілесе кіріп, ілесе шығып, соңынан бір елі қалмайды. Киімінен иіскелеп, сүт сұрайды. Сөйткенмен де еті ен дүниеге жаралған тұз тағысы ауық-ауық адырға қарай алаңдап, анасын іздегендей аласұрып қоятын сияқты.

Бір күні жанарынан бір тамшы жас домалап түсті. Денесі суық су құйып жібергендей дір етті. Мұны байқаған атам: «Енді мұны еркіндікке босатқан жөн. Әркім өз ортасын, өз өлкесін аңсайды. Бұлар енді Арқаға ауады. Алла жазса, келесі жылғы каникулда келсең, осы атыраптан кездестіріп қаларсың», – деді.

Басынан ноқтасын сыпырған бойда құралай безектеп әрі-бері шапты да алысқа бет алды. Құйындай жүйткіген жануар биік шағылдың төбесінен бізге бір қарап, ық бетке түсті де ылдилап кете барды.

Қаныбек Әбдуов

АБВ

Көген – қой сауған кезде қозы-лақты мойнынан тізбектеп байлап қоятын ұзын арқан

Періште – бұл жерде: бейкүнә, күнәсіз, кіршіксіз таза деген мағынада

?

3. Атасының «Дарқан даланың тілін ұқ, сырын сезуге тырыс» деген сөзін қалай түсіндің?

4. Атасы күн райын қалай болжайды? Халықтық болжауға сенесің бе?

Бағала

5. Жұмабектің атасы – қандай адам?

Дәлелде

6. Атасының немересіне айтқан ақылдарынан мәтіннің негізгі ойы болатындай дәлелді сөзді тауып, оқы.

Білгенге маржан

!

Метеожерсерік – күн райын бақылау үшін ғарышқа ұшырылған жасанды жерсерік.

Жерсеріктен алынған мәлімет компьютерге әртүрлі картина түрінде келіп түседі. Метеорологтер соған байланысты болжап, ақпарат таратады.



Қорыт

7. Халықтық болжау қандай жағдайда қажет?

🏠

Мәтіннен кешкі күннің батуын көшіріп жаз.



КӨЛЕҢКЕЛЕР ЕЛІНДЕГІ ОҚИҒА



Сөйлеу барысында иллюстрацияларды қолданамын.
Мәтіннің жанрлық ерекшелігін анықтаймын.

Ойыңмен бөліс




1. Сурет бойынша өз ойларыңнан мультфильм құрап әңгімелеңдер. Ертегілік кейіпкерлерге ат ойлап табыңдар.



1



2



3



4

Түсініп оқы

Сатылған көлеңке

(ұйғыр халқының ертегісі)



Баяғыда бір бай болыпты. Оның үйі үлкен жолдың бойында, үлкен тұт ағашының қасында екен. Жаздыгүні үй іші қапырық ыстық болғанда бай сол ағаштың көлеңкесіне төсек салып жатады екен.

Бірде үлкен жолмен өтіп бара жатқан шаруа сол тұт ағашының көлеңкесіне демалуға отырып, ұйықтап кетіпті.

– Ей, сен кімсің? Саған бұл жерде ұйықтауға кім рұқсат берді?! Тез кет! – деп бай айғай салады.

– Мен неге кетуім керек? – деп сұрайды шаруа.

– Ағаш менікі, оның көлеңкесі де менікі!

– Олай болса, сол көлеңкені маған сат.

Ақша туралы әңгімені естігенде байдың көзі шоқтай жанып:

– Жақсы, ақшаңды әкел де көлеңкені ала ғой, – деп бірден келісе кетеді.

Шаруа көлеңкені сатып алады. Енді тұт ағашының аумақты көлеңкесі шаруанікі болады. Ол сол көлеңкеде жатып демалады. Көлеңке байдың ауласына түскенде, шаруа сол жаққа барып жатады. Көлеңке байдың қонақбөлмесіне, асүйіне түсетін болса, шаруа сол жерге барып жатып жүрді. Өзінің ағаттық жасағанын түсінген бай ештеңе жасай алмайтынын білді.

«Мен көлеңкені сатып алдым. Ол енді байдікі емес. Сондықтан достарымды шақырып, рақатын неге көрмеске» деп ойлайды шаруа.

Бір күні байдың үйінде қонақтар отырған кезде шаруа да өзінің достарымен келіп қалады. Олар келген кезде байдың қонақтары тұт ағашының көлеңкесінде отыр екен. Шаруа байдың қонақтарынан орынды босатуды сұрайды. Таңданған қонақтар бұның себебін сұрайды. Не айтарын білмеген бай тілін тістеп, үн шығармайды. Ал шаруа болса, маңғаздана: «Бұл – мына достарыңыздан сатып алған көлеңкем ғой. Сондықтан кез келген уақытта осы көлеңкенің астында демалуыма болады», – дейді.

Байдың қонақтары оған ұзақ күледі. Ал көшедегі балалар: «Сараң бай, көлеңке сатқан сараң бай», – деп мазақ қылады.

Мұндай масқаралыққа шыдай алмаған бай қалаға көшіп кетеді. Тапқыр шаруа тұт ағашының көлеңкесіне ғана емес, байдың үйіне де ие болады.

Аударған – Ә. Біржанқызы

АБВ

Ағаттық – қателік
Мұралық – иелік ету

Салыстыр



2. Ертегі мазмұнын өзің құраған ертегімен салыстыр.

3. Қандай ұқсастықтар болды?



4. Сен құраған ертегіде *көлеңке сату* деген тіркес бар ма?

5. Кейіпкерлердің диалогін рөлге бөліп оқыңдар.

Пікіріңді айт

6. Саған ертегінің осылай аяқталғаны ұнады ма?

Анықта

7. Мұғалімнің көмегімен кестедегі жоспардың ретін анықта. Шығарманың құрылымын түсіндір.

Жоспар	Шығарманың құрылымы
<ul style="list-style-type: none"> • Шаруаның ойы • Тұтағашының көлеңкесіндегі кездесу • Көлеңке үшін дауласу • Сараң байдың көшуі • Қонақтардың келуі • Көлеңке саудасы 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Сюжеттің басталуы 2. Дамуы 3. Шарықтау шегі 4. Шиеленісуі 5. Шешімі



8. Қазіргі кезде нені сатуға болады?

Күннің жылуын

Күннің жарығын

жаңа ойды (идея)

желді

көлеңкені

өнерді

Қорыт

9. Сараң бай осыдан кейін қандай қорытынды шығаруы мүмкін?



«Венн диаграммасын» сызып, шаруа мен байды салыстыр.



**ТАБИҒАТ СИПАТЫ**

Мәтіндегі негізгі ойды анықтаймын.
Шығармашылық жұмыстар жасаймын.

Сәйкестендір

1. Мұғалімнің көмегімен табиғат құбылысын сипаттайтын сөздерді сәйкестендіріңдер. Мысалы: ашық аспан, сақылдаған аяз ...

ашық	қар	гуілдеген
алай-түлей	жел	сақылдаған
шатыр-шұтыр	боран	түнерген
жапалақ	жаңбыр	бет қаратпайтын
нәсерлеткен	найзағай	айналып
ақтүтек	аяз	жерге түскендей
	аспан	

2. Өзің де далаға қарап, табиғаттың бір бөлшегін сипаттап айт.



Қастек Баянбай – ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. 1936 жылы Алматы облысы Алакөл ауданы Талдыбұлақ жерінде дүниеге келген. Ақын өлеңдерінде балалар өміріндегі оқиғаларды қызық та түсінікті тілмен баяндайды. «Араша», «Ақ шағала», «Құс сүті», «Балаларға базарлық», т.б. кітаптары бар.

Түсініп оқы

Не жауып тұр?



Қоюланып қара бұлт,
 Төкті көктем жаңбыры.
 Шыға алмай далаға
 Отыр елдің барлығы.
 – Нан жауып тұр,
 Нан жауып! –
 Деді көкем көңілді.
 Өзі соған таңғалып
 Отырғандай көрінді.
 – Сүт жауып тұр,
 Сүт жауып! –
 Деді апам қуанып.
 Тегін аққа жұрт қарық
 Болатындай бір ауық.
 – Нұр жауып тұр,
 Нұр жауып! –
 Деді әпкем жымыып.

Қолда ұршығы зыр қағып,
 Отырған жіп иіріп.
 Осы сәтте өз сөзін
 Көкем қайта жалғады:
 – Шаш етектен өссе егін,
 Сол ғой – нанның жауғаны.
 Апам сондай емес пе?
 Ойлайтыны – мал қамы.
 Сиыр тояр көк өссе,
 Сол ғой – сүттің жауғаны!
 Шешіп ойын жұмбақша,
 Әпкем тағы сайрады:
 – Қырды қызыл гүл жапса,
 Сол ғой – нұрдың жауғаны!
 Сөзді бөлмей тыңдадық,
 Шуламадық,
 Күлмедік.
 Сыртта жаңбыр тұр жауып,
 Елге
 Нан,
 Сүт,
 Нұр болып.

Қ. Баянбай

АББ

Бір ауық – бір мезгіл

Шаш етектен – мол, есепсіз, орасан көп

Аққа қарық болу – сүт өнімдерінің мол болуы

3. Отбасы мүшелері жаңбырдан қандай жақсылық күтеді?

Дәлелде

4. Табиғат құбылыстары мен адамның өмірі қалай байланысады?

5. Жаңбыр тамшыларындағы сөздерді көп нүктенің орнына қойып, өлеңді толықтырып оқы.

Жаңбырға екі өтініш

Көктем бұлты көңілді,
Қуантады өңірді.
Балалар да қарсы алар,
Былай-былай ән салар:
– Жау, жау, жаңбыр, ... ,
Гүлге орансын
Шалғын өссін жайқалып,
Егін өссін
Біздің жаққа жиі кеп,
Әлсін-әлсін құйып өт.
Қазір егер көп жаусаң,
Жердің берер сыйы көп.

Күзде болса күн бұлттау,
Маңай тартар сұрғылттау.
Балалар да көңілсіз,
Тілек айтар тек үнсіз:
– Жаума, жаңбыр, ... ,
«Жауамын!» – деп
Егін жатыр жиналмай,
Бидай ашық

Несіпбек Айтөв



6. Балалар жаңбырға неліктен әртүрлі өтініш айтады?

Қорыт

7. «Жаңбыр жауса, елырысы» деген халық нақылын пайдаланып, өлеңдердің негізгі ойын түсіндіріңдер.
8. Өлеңдердің ұнаған шумағын жаттап ал.



БІЗ ҚИЯЛДАЙ АЛАМЫЗ



Көркемдегіш құралдарды қолданамын.
Көркем шығарманы иллюстрациямен салыстырамын.

Құра



1. Суретке қарап, қиял-ғажайып әңгіме құрап, айтыңдар.



Әбділда Тәжібаев (1909–1998) – ақын, драматург. Ақмешіт (Қызылорда) қаласында дүниеге келген. Балаларға арналған өлеңдері оқуға жеңіл, қызық.

Ақынның табиғат құбылыстары туралы «Алтын Ай», «Көкек», «Жаңбыр», «Толағай», «Қыс ата», «Қыс пен жаз» өлеңдері бар.

Түсініп оқы

Толағай

(ықшамдап алынды)

...Сонау Ертіс жағасында
Болған біреу «Саржан» атты.
Жұбайы да өзіне сай,
Аты – «Айсұлу», ақ маралдай.

...Дүниеге бір бала келді,
Отыз күндік мерекені
Естен кетпес берекені
Сол ауылға ала келді.
Ақсақалдар қол көтеріп,
Жас бөбекке бата беріп,
«Толағай» деп қойыпты атын...
Жеті жаста садақ атты,
Атқан оғы тасты уатты.
Жай отынан кейін емес,
Темірден де өткізеді.
...Жылдар өткен... Жазғытұрым
Басталды бір жаман ырым.
Жаумай жауын жалғыз тамшы,
Ерте солды гүл-бәйшешек,
Еркін өспей құрады шөп.
Ел күйзелді ем таба алмай,
Жалбарынды тілеп жауын,
Көкжиектен көзін алмай.
Сезген мұны Толағайда
Сабырсыздық болды пайда:
«Қайтсем жауын жаудырамын,
Ел сусынын қандырамын?..»
Көп өтпеді, бір күндері
Шешесіне еркеледі.
– Тағы да бар бір сұрауым:
Көп жауады қайда жауын?
Білсең, апа, айтшы, – деді.
Айғақ ете үлкендерді
Апатайы жауап берді:
«Деген сөз бар: «Тауда тандыр»,
Қарлы, шыңды тау жерінде
Тарбағатай өңірінде
Үзілмейді жылда жаңбыр».

Толағайың тыңдап алды,
Екі беті гүл-гүл жанды.
Кідірмеді, жүріп кетті,
Асқар тауға келіп жетті.
Таңдап жүріп тау жотасын,
Талғай қарап орман, тасын,
Көңілі сүйген бір шатқалды
Ұзақ ырғап, бөліп алды...
Арқасына салды дағы,
Келген ізбен қайта оралды.
Арқалады ауыр тауды,
Маңдайдан тер көл боп ақты.
«Жеткенше дем алмаймын», – деп,
Шаршаса да, тоқтамапты.
Тау жақындап қалды келіп,
Бұйраланған бұлт өңгеріп,
Таңданысты көрген адам,
«Толағайлап» шулап халық,
Қуанбаған қалмады жан.
Құйды жаңбыр, сел боп ақты,
Күн күркіреп, шатырлатты.
Шөлдегендер суға қанды,
Ауыл қайта ажарланды.
...Күн еңкейіп шөккен кезде
Сүрінді алып әлденеге.
Кетті құлап, тұра алмады,
Қайта қару қыла алмады.
«Апа...» – деді жалғыз ғана,
Тау да басып шөге берді,
Апасы жас төге берді...
Ауысыпты заман талай,
Аталғалы тау «Толағай» –
Соны үлкендер ертегі еткен...

Әбділда Тәжібаев

Салыстыр


2. Салыстыра отырып кестені толтыр.



Ізден



3. Жырдан Толағайдың ерлігін суреттеудегі әсірелеуді тауып оқы.
4. Әсірелеу тәсілі арқылы бейнеленген қай кейіпкерді білесіңдер?



5. Жырды оқығанда қандай сезім пайда болды?

Дәлелде

6. а) Толағайдың бейнесінде қиял-ғажайып белгілері бар?
ә) Толағайдың ерлігі батырлар жырындағы қай кейіпкерге ұқсас?

Қорыт

7. Толағайдың ерлігінен кейін туған жері қалай өзгерді?



Үлкендердің көмегімен Толағай тауы туралы деректер ізде. Тау еліміздің қай облысында екенін анықтап, әңгімелеуге дайындал.



ШӨЛ ДАЛАҒА САЯХАТ



Түрлі дереккөзден ақпарат аламын.
Сөйлемдегі қатені табамын.

Ойлан

1. «Шөл» сөзін естігенде ойымызға не келеді?

Орында



2. Сұрақтарға жауап беріп, тапсырмаларды орындаңдар.



Шөл даланың ыстығынан сақтану үшін не істейсіңдер?

Сызба, сурет арқылы көрсетіңдер.

Шөлді жерге жүретін көліктердің суретін не логотипін табыңдар.

Шөл далаға лайық киім-кешек, алатын заттарды дайындаңдар. Заттарды сызба немесе топтастыру арқылы көрсетіңдер.

Түсініп оқы

3. «Түртіп алу» әдісімен оқы.

Шөл

Шөл – Жер шарының ыстық әрі құрғақ өңірі. Дүниежүзіндегі ең үлкен шөлдер – Африкадағы Сахара, Аустралиядағы Виктория, Оңтүстік Америкадағы Атакама шөлі. Азияда орналасқан ең үлкен құмды шөлдер – Қарақұм мен Қызылқұм.



Шөл өсімдіктері мен жан-жануарлары ылғал тапшылығына, шақырайған аптап күнге, сусыған құмға бейімделіп алған. Қарақұм шөлінде жаз кезінде көлеңкедегі ыстық елу градусқа дейін барады. Құмның ыстықтығы соншалық, оған жұмыртқа пісіруге болады.

Мұндай аптапқа өсімдік қалай шыдайды екен?

Шөлде өсетін сексеуіл жалпақ жапырақты орман ағаштарына мүлде ұқсамайды. Онда жапырақ орнына сөлге толы қошқыл-жасыл шашақты бұтақтар өседі. Себебі жапырақ кіші болған сайын ылғалдың булануы азаяды. Өсімдіктер осылайша сая таптырмас аптапқа да қалыптасады. Шөл өсімдіктерінің дені ылғалдың мол кезінде, ерте көктемде немесе күз түскенде тіршілік етуге бейімделген.

Ерте көктемде құмның арасы бірнеше апта кілемше құлпырып, ғажайып түрге енеді. Көп ұзамай аптап күн осынау жасыл кілемді сарғайтып, тез күйдіріп жібереді. Алайда өсімдіктер гүлдеп, тұқым шашып үлгереді.

Шөл жәндіктері де аптаптан пана табудың жолдарын біліп алған. Олардың көпшілігі күндіз ін түбінде жатып, күнкөріс қамына түнге қарай кіріседі.

Міне, сусыған қызыл құмның жалында тас мүсіндей қатып кесіртке тұр. Ол құйрығын әредік қайқаң еткізіп

қойып, өзінің қорегін – майда қоңыз бен көбелекті аңдуда. Бұтаққа оралған сұр жылан өз олжасын бағып, қалшиып қатып қалыпты. Ол кесірткенің өзіне таянған сәтін күтуде. Оны «оқжылан» деп бекерге атамаған.

Құм жалдарының арасы шұрық-шұрық інге толы. Бұл – ірі құмтышқанның жерасты қалашығы. Осы арадан ұзындығы бір метрден асатын алып алабажақ кесіртке – келесті де кезіктіруге болады. Сүйріктей сұлу қарақұйрықтың көзді ашып-жұмғанша құм жалдан асып бара жатқанын байқайсың.

Шаңқай түсте шөлдегі тіршілік мүлде толастағандай, жануар, жәндік атаулы қыбырсыз, көлеңкелеп жатады. Жал-жал құмды түнде қолшаммен араласаң, неше түрлі жануарды кезіктіресің.

Құмға қарағанда, тастақты саздақ шөл даланың тіршілігі әлдеқайда жұтаң. Тас болып кеуіп қалған қу тақырда жусан мен көкпектен басқа жөнді ештеме өспейді. Мұндай сазарып жатқан шөлді жәндік атаулының көпшілігі мекен ете алмайды. Мұндай шөлдің бірі – Қазақстандағы Бетпақдала. Осынау тақтайдай қу тақырдан жаздың ыстық айларында ұшқан құс, жүгірген аңды кезіктіру қиын.

«Су бар жерде ну бар», – дейді халық мәтелі. Су шөлдің кейпін мүлде өзгертіп, гүл жайнатып жібереді. Жайқалған мақта танабы, шырынды жеміс, қауын-қарбыз судың, дарқан күннің қуатымен пісіп-жетіледі.

Жердің шөлін қандыру үшін адамдар ерте заманнан бері қолдан тоған байлап, арық қазып, суармалы егісті пайдаланып келеді. Жыл сайын шөл даланың игерілген бөлігі молая түсуде.

«Ол – кім? Бұл – не?» кітабынан

4. Шөл өсімдіктерінің қандай ерекшелігі бар?
 5. Бетпақдаланың сипатын тауып, оқы.
 6. *Шөл даланы игеру* дегенді қалай түсіндің?



Күнделікті ақпарат құралдарынан: газет-журнал, энциклопедиялық анықтамалардан қоғамдағы өмір, ғылым, мәдениет, тағы басқалар жайлы әдеби-танымдық мақалаларды, хабарларды, күнделікті жаңалықтарды оқуға болады.

Біліміңді қолдан

7. Жазылуы қате сөйлемді анықта.

Шөлдегенде қайнаған су іш.

Шөл дегенде қайнаған су іш.



8. Шөлді жердің жануарлары мен жәндіктерін ым-ишара, қимыл-қозғалыс, дыбыстау арқылы көрсетіңдер.



Қорыт

9. Шөлді жер туралы қандай жаңа ақпарат алдың?



Шөлді аймақтар туралы деректі фильмдер көріп, қосымша ақпарат жина.



ЖҰМБАҚҚА ТОЛЫ ӘЛЕМ



Шығарманың мазмұнына қарап өлең шумағын болжаймын.
Түрлі жанр бойынша шығармашылық жұмыс жасаймын.

Дәлелде

1. Ретін көрсет.

Күннің батуы, шығуы.

Таңның ағаруы, таңның білінуі, Күннің көтерілуі.

Толған ай, жарты ай, туған ай.

Бұлт, шалшық, жаңбыр.



2. Өзің осыған ұқсас бір тапсырма құра.

Түсініп оқы

Ғажап қой аспан әлемі!



Аспан

Аспан түбі көкпеңбек,
Беті ақшыл мұнарлы.
Жұлдыз сонау көктен кеп,
Сығалауы тым әрлі...



Күн

... Күнсіз шөп те көктемес,
Аспан – оның тұрағы.
Күнсіз еңбек еткен еш,
Күн – әлемнің шырағы...

Ай

Күннен алар жарықты,
Бірақ күндіз көрінбес.
Түн мұхитын жарық қып
Жүзуден еш ерінбес...

Құсжолы

Аспан бетін шаңдатып,
Бәйге шауып өткендей.
Не кемеңіз таңға асық
Ізі қалып кеткендей...

Шолпан

Таң қылаңда туады,
«Зухра» – оның бір аты.
Қараңғыны қуады,
Сөйту – оның мұраты...

Үркер

Топтан бөлек тұрғасын,
Тұла бойын нұр кернеп,
Көріп бөлек тұлғасын,
Атаған жұрт «Үркер» деп...

Құл-Керім Елемес

Болжа

3. Оқып, жоғарыдағы қай өлеңнің екінші шумағы болуы мүмкін екенін дәлелде.

Көкте жүзген қалайы
Секілді ақ табақ бір.
Жұлдыздардың талайы
Қоршап алып, қарап тұр.

АБВ

Қалайы – металл түрі

?

4. Құсжолының бейнесін ақын қай тәсіл арқылы суреттеген?
5. Ай мен Күнге қандай теңеу айтар едің?
6. Күннің бату, шығу тұстары қалай аталады?

Құра

и

7. Құсжолын, Жетіқарақшыны тақтаға сызып көрсетіңдер.
8. Жұмбақтарды шеш. Жұмбақтың шешуін қалай білдің?

Санымыз қанша білмейміз,
Түнімен көз ілмейміз.

Қанатсыз құс маңып барады,
Көзінен жас тамып барады.

Түсініп оқы

Планетарий

Ашық күндері тал түсте жұлдызды аспанды көргілерің келе ме? Ендеше, планетарийге барыңдар. Жұлдызды аспанның тәулік бойына қалай өзгеріп тұратынын төрт-ақ минуттың ішінде көріп, жұлдыздар мен ғаламшарлардың шапшаң қозғалысын бақылай аласыңдар. Мұнда біздің ғаламшарымызды көмкеріп



тұрған аспанның күн мен түннің кез келген уақытындағы қалпын, поляр шұғыласын, кометаны (құйрықты жұлдыз) тамашалауға, ғарышкеменің қалай ұшқанын көруге болады.

Осы жерде баяндамашының ғаламшарлар, Күн жүйесі жайында, табиғат құбылыстары мен ғарышты игеру жөніндегі қызықты әңгімелерін тыңдау – бір ғанибет.

Планетарий – қызық дәрістер оқылатын орын. Ал оның осылай аталу себебі ондағы ең ғажайып дүние – планетарий (проекциялық) аппаратына байланысты. Соның көмегі арқылы жұлдызды аспан әлемі көрсетіледі.

«Ол – кім? Бұл – не?» кітабынан



9. Мәтін бойынша сұрақтар құрап жазыңдар.

Қорыт

10. Өзің білетін аспан денелерін ата.



Аспан денелері туралы ертегі құра. Мысалы: Ай мен Күн ...



АДАМНЫҢ ТАБИҒАТҚА БЕЙІМДЕЛУІ




Иллюстрацияларды қолданамын.
Әдеби шығарманың жанрын анықтаймын.
Мәтінге жоспар құрамын.

Ойыңмен бөліс



1. Адам өміріне не керек екенін жазыңдар.



Түсініп оқы

Баспана

Адам баласы мейлі күн ыстық елдерді, поляр шеңберін, теңіз жағасын немесе биік тауды мекендесін, оған ең алдымен, суық пен ыстықтан, жаңбыр мен жел өтінен бой тасалау үшін баспана қажет. Сол себепті адамдар әрдайым қолда бар нәрседен үй тұрғызып, табиғат ерекшелігіне қарай бейімделіп отырады.

Қар мен мұз құрсанып жатқан Қиыр солтүстікте эскимостар қар кірпіштен **иглу** деп аталатын баспана тұрғызып, терезе әйнегінің орнына мұз тұтқан. Иглу жылы болуы үшін итбалықтың майы құйылған табақшаға от қойып, қабырға мен еденге аң терісін тұтып, төсеп тастаған.

Ал Солтүстік Америкадағы гонкин үндістер негізінен орманды мекендейді. Олар жерге иілгіш сырықтарды қадап, басын буып, оны ағаштың жас бұтағы немесе қабығымен жауып, **вигвам** деп аталатын баспана тұрғызған.

Жапон шаруасы үйін бамбук, қағаз бен жөкеден тұрғызады. Бұл – кедейлікке байланысты емес. Мұндай баспана

Жапонияда өте жиі болып тұратын жер сілкінуіне мейлінше шыдамды келеді.

Халқы өте көп, құрылыс салу үшін ұлтарактай жер жетіспейтін Оңтүстік-Шығыс Азияда адамдар тіпті **джонка** деп аталатын қайықта да тұра береді. Бүкіл отбасы сонда тіршілік етеді. Тіпті шалғай теңізге балық аулауға да үй іші, бала-шағасымен түгел барады.

Киіз үй – көшпенділердің көшіп-қонуға ыңғайлы үйі. Оны тез жығып, шапшаң тігуге болады. Қазақтар, қырғыздар мен моңғолдар ерте заманнан қой жүнінен басылған киізбен жапқан киіз үйде тұрды. Киіз үйдің сүйегі ағаштан жасалады. Бұл үй жер сілкінгенде де қауіпсіз, өйткені ол оңайлықпен бұзылмайды. Қазақтың киіз үйі күннің аптабынан, аңызатқан, бораннан қорғайды.

«Ол – кім? Бұл – не?» кітабынан

Білгенге маржан



Адам табиғат байлығын болашақ ұрпақтың игілігі үшін сақтау қажеттігін түсінді. Ауаны ластамай-ақ энергия алу үшін желдің күшін, Күннің жарығын пайдалану жолдарын қарастыра бастады.

«ЭКСПО-2017» көрмесі – осы жолда жасалған батыл қадамдардың бірі.



Елімізде заманауи ғимараттар салына бастады.

«ЭКСПО-2017» көрмесіндегі алып шар – «Қазақстан» павильоны. Оның диаметрі – 80 м, биіктігі – 100 м.

Павильонды тамашалаған адам елдің тарихы, мәдениеті, бүгінгі өмірі, келешегі туралы толық мәлімет алады.

Ойлан



2. Баспаналар әр маусымда қандай болатынын айтыңдар (жайлы, салқын ...).



иглу



вигвам



джонка



киіз үй



жапондардың
бамбук үйі



қазіргі үй



3. Мәтіндегі баспаналардың жайлылығы туралы не айтуға болады?

4. Мәтіндегі баспаналардың қайсысы сендер үшін қызық болды?

Салыстыр



5. Киіз үйді қазіргі заманауи үйлермен салыстырыңдар.



Қорыт

6. Баспананың маңызы туралы қандай қорытынды жасадың?



Мәтін мазмұны бойынша бірнеше сұрақ дайында.



ТАБИҒАТТЫ ЗЕРТТЕЙМІЗ



Мәтінді сын тұрғысынан бағалап оқимын.
Кейіпкердің іс-әрекетін бағалаймын.
Мәтінге жаңа сюжет енгіземін.

Анықта

1. Қай құстарды білесің?



Зерделеп оқы

2. Мәтінді «Түртіп алу» әдісімен оқы.

Білетініме сәйкес (+)

Өзгеше (-)

Жаңа ақпарат (✓)

Сұрақ туғызды (?)

Құмдағы құпия

Биылғы көктем салқын, жаңбырлы болды. Темірдің анасы экспедицияға жылдағысынан кешігіп аттанды.

Бұл жер Темірге бұрыннан таныс. Былтыр анасымен келген. Жалпақ сары төбенің басында сәкілі үш ағаш тұр. Сәкіні осы өңірді зерттеген геологтер жасапты.

Көз ұшында – малшылар қыстауы. Көктем шыға көшіп кетеді. Қыстаудың қасында құдық бар. Экспедиция суды



сонан алады. Ол құдықты қазған да – геологтер. Соны естігенде Темір:

– Апа, геолог жақсы ма, ботаник жақсы ма? – деп сұраған.

– Екеуі де жақсы, – деген анасы, – геолог жер астындағы кен-байлықты іздеп табады. Ал ботаник жер бетіндегі өсімдіктерді зерттейді. Өсімдік болмаса, мал да, жан да, жанжануарлар да тіршілік ете алмайды. Ботаниктер сол өсімдіктерді қалай жақсы өсіруге болатынын зерттейді.

Өсімдіктердің малға қажет екенін Темір біледі. Тіпті тасбақаның да шөпке жайылатынын осы жерде көрді.

...Биыл да Темір бір қызық оқиғаға тап болды. Ерте тұрып, анасымен бақылау алаңына бара жатқан. Алдарындағы бұтаның түбінен бір бозторғай ұшып шықты да ұзап кетпей, қалықтап тұрып алды.

– Осы маңда ұясы болуы керек, – деді анасы.

Бұтаның түбін ашып қарап еді, шынында да, ұя бар екен. Селеудің үлпілдек шашағынан әдемілеп өріліп жасалыпты. Ішінде теңбіл-теңбіл үш жұмыртқа жатыр. Ұясына төнген қауіпті сезген бозторғай шырылдап, ауық-ауық шүйлігіп-шүйлігіп кетеді.

Құмда таңертең күн салқын болады. Күн жаңа шығып келе жатқан, ауа салқын. Соны ойлаған Темір:

– Ұяға мақта төсеп, жылылап қойсақ қайтеді? – деді.

– Онда барып, мақта әкел. Мен бақылау алаңына бара берейін. Өзің келерсің, – деді анасы.

Міне, ғажап! Мақта алып келсе, ұя да жоқ, жұмыртқа да жоқ. Әлгінде ғана шырылдап, шыж-быжы шығып жүрген бозторғай да көрінбейді.

Оның сырын Темір кейін білді. Қауіп төнгенін сезген бозторғай ұясын басқа жерге көшіріп әкетіпті.

Темір бұл сапардан табиғат кітабының тағы бір қызық бетін оқып қайтқандай болды.

Бекмырза Баймаханов

АББ

Селеу – шөптің түрі



3. Құстардың ұя салуын табиғат құбылысымен қалай байланыстырар едің?
4. Темір үшін не нәрсе жұмбақ болып қалды?

Тыңда



5. Қандай құстардың даусын естіп тұрсың?
«Құс ұясы» мәтінін тыңда.

Бағала



6. Темірдің бозторғайдың жұмыртқасын қозғамақ болғаны дұрыс не дұрыс емес екенін анықтап, іс-әрекетін бағалаңдар.



7. Бозторғайдың ұясымен бірге жоғалуы туралы әңгіме құрастырып, мәтінге жаңа сюжет енгізіңдер.

Қорыт



8. Бозторғайдың әрекетінен қандай қорытынды шығардың?
9. Жер қойнауын, өсімдіктерді зерттеу не үшін қажет?

Энциклопедиялық анықтамадан құстардың ұя салуы туралы ақпарат оқып, әңгімелеуге дайындал.

**ТІРШІЛІК КӨЗІ**

Сюжеттің дамуын болжаймын.
Мәтінге жаңа кейіпкерлер қосамын.

Орында

1. Өсімдіктердің табиғаттағы өсіп-өнуін ретімен оқы.
2. Әңгімелеу кезінде жыл маусымын тіркестіріп айт (мысалы, көктемде отырғызды, ...).

Алмаағаш: түйін салды, та-
мырланды, отырғызылды,
көктеді, гүлдеді, пісті.

Екінші: орды, қамбаға та-
сыды, жер жыртты, тұқым
дайындады, тұқым септі,
жинап алды.

Есіңе түсір

Мысал – аң, хайуанат, затты кейіпкер етіп, солардың әрекеті арқылы адам бойындағы кемшілікті келеке етеді. Ал жақсы мінез-қылықты үлгі етіп көрсетеді. Мысал өсиет, ақыл айтуға құрылады. Мысал қарасөзбен де, өлеңмен де жазыла береді.

Тыңда

3. Мысал өлеңді тыңда. Шегіртке мен Құмырсқаның тіршілігі табиғатпен, Жермен байланысты екенін түсіндіре аласың ба?



Иван Андреевич Крылов (1769–1844) – ақын. Мәскеу қаласында дүниеге келген. 200-ден аса мысал өлеңі бар. «Қарға мен Түлкі», «Шегіртке мен Құмырсқа» сияқты мысалдарын өзің де оқыған боларсың. Бұл мысал өлеңдер адамды жақсылыққа тәрбиелеп, теріс мінез-құлықтан сақтандырады.

Түсініп оқы

Жапырақтар мен Тамырлар

Жаздың жақсы күнінде бір
 Жапырақтар судыр-сыбдыр.
 Көлеңкесін жайып жерге,
 Көркін көріп, көңілі өсіп:
 «Дала көркі бізде», – десіп,
 Мақтанды кеп ерке Желге.
 «Ағаштардың көркі бізбен,
 Жасыл желек киіп бізден
 Түсіп көзге, түрленеді,
 Сып-сида боп қалса құрап,
 Желкілдеген шашты бұйра
 Біз болмасақ, кім береді?
 Біз мақтансақ, қанша айып?
 Төңірекке сая жайып,
 Көрсетеміз көпке пайда.
 Мал соңында жүр малшылар,
 Ыстық күнге қалай шыдар?
 Біз бермесек, сая қайда?
 Көлеңкемде малшы әйелдер
 Бой сергітіп, жырлар, билер.
 Аз демалып рақаттанар.
 Таңсәріден бұлбұл менде,
 Ерке Желім, келіп сен де,
 Қамқорлығым саған да бар».
 Сонда біреу күмбір етті.




Бұл ненің даусы болуы мүмкін екенін болжа.

Даусы қандай құдіретті
 Жер астынан шыққан жарып.
 Деді былай баяу ғана:
 «Өз басыңды ойлау – жала,
 Мына біздер ұмыт қалып».
 Жапырақтар: «Бұл – кім?» – деді,
 – Неге мұнша сілкінеді?


Кім едің сен сонша мықты?
 Біз тұрғанда сендер кімсің?
 Кімді алдап сендірмексің?
 Ұят олай ойлау тіпті!
 – Біз ғой, – деді әлгі дауыс, –
 Сендерге де берген табыс
 Қараңғыда жерді қазып.
 Жақсылықты білмейсіңдер,
 Білмей тұрып сөйлейсіңдер,
 Біз береміз ағашқа азық.
 Рас, еңбек жасадыңдар,
 Бірақ бізді еске алыңдар!
 Жаңа көктем – жас жапырақ,
 Қурап қалса жерде тамыр,
 Соқса дағы қанша дабыл,
 Ағаш қалар бос қалтырап.

Иван Крылов

Аударған – М. Оразаев

-  5. Мысал кейіпкерін болжауда саған не көмектесті?
 6. Жапырақтың бейнесінен қандай адамды көруге болады?
 7. Тамырдың сөзіне не қосар едің?

Есіңе түсір

-  8. Жансызды жанды ретінде бейнелеу тәсілі қалай аталады?
 Төмендегі кейіпкерлердің рөліне еніп, Жапырақпен сөйлесіңдер.



Мысалы: «Мен Күнмін, ...»

а) Күннің пайдасы туралы айтыңдар.

ә) Судың пайдасы туралы айтыңдар.

б) Ауаның пайдасы туралы айтыңдар.

Қорыт

9. Өлең мазмұнынан өзіңе пайдалы не алдың?
 10. Тіршілік көзі неліктен табиғат құбылыстарымен тығыз байланысты болатынын түсіндір.



Мысал өлеңнің басты белгілерін атап, жаз.

**АЛУАН ТҮРЛІ ТАБИҒАТ**

Оқу түрлерін қолданамын.
Көркемдегіш құралдардың қолданысын анықтаймын.

Ойлан

1. Кесте бойынша жауап бер.

Тұжырымдар	Оқығанға дейін Иә/жоқ	Оқығаннан кейін Иә/жоқ
Бір жылда екі маусым ғана болатын ел болуы мүмкін бе?		
Мен тұратын жерде төрт маусым да болады.		
Менің танысым тұратын жерде жылдың үш маусымы болатын.		
Қаһарлы қыс қорқынышты.		

Түсініп оқы**Аяз бен Қыдыр**

(айтыс)

Аяз:

– Қабағыма қар қатып,
Кірпігіме мұз қатып,
Қатал қыстың әмірін
Жүрмін жұртқа тыңдатып.

Малың ықса боранда,
Төлің өлсе қораңда,
Ол да – менің ашуым,
Ерегескен оңар ма?!
Айтшы, кімнің күші кем?
Суық сөздің сұсы – мен.
Бұлақ суын қатырдым
Таяғымның ұшымен.

Қыдыр:

– Жерді көріп тебірендім,
Елді көріп емірендім.
Суытушы сен болсаң,
Жылытқалы мен келдім.
Сен отырсаң күрсініп,
Менің қаным – тіршілік.
Сен шыршаны қиғызсаң,
Мен екізем бір шыбық.
Тау суындай тасамын,
Бұлақ көзін ашамын.
Ақ ниетті адамға
Жақсылықты тосамын...

Аяз:

– Бала да, жас, кәрі де,
Мені сыйлар әлі де.
Сескенбейтін жан болса,
Ұшырайды кәріме.

Қыдыр:

– Мен шығыппын Шығыстан,
Сен келіпсің Батыстан.
Күндер болды ұғысқан,
Күндер болды қағысқан.



Қарың суға айналды,
Мұзың буға айналды.
Барлық сұсың ақыры
Сескентсең де, жай қалды.

Аяз:

– Мен суықтың ұлымын,
Қаталдықтың пірімін.
Сенің жылы сөзіңнен
Босап кетті буыным.

Қыдыр:

– Аяз, бауырым, өжетсің,
Мейлі, күнің тез өтсін.
Он екі айда бір келер
Мезгілге сен қажетсің.

Аяз:

– Сен де өмірге керексің,
Өзгелерден ерексің.
Алма-кезек кеп тұрсақ,
Татулыққа не жетсін!

Ақылбек Шаяхметов

АБВ

Кәріне ұшырау – қаһарына ұшырау
Малдың ығуы – боранда малдың адасуы
Төбірену – жан дүниесі толқу
Емірену – жақсы көріп мейірлену

2. Өлеңдегі Қыдыр ата – ненің бейнесі?
3. Аяз бен Қыдыр бір-біріне қандай сын айтады?
4. Аяздың «буыны неден босап» кетті?
5. Аяздың соңғы сөзінен мәтіннің негізгі ойын анықта.
6. Өлеңді рөлге бөліп оқыңдар.

Бағала

7. Саған қай кейіпкер ұнады? Дәлел келтіріп, түсіндір. Баға бер.

Білгенге маржан**Екі маусымы ғана бар елдер**

Тропиктік елдерде жыл маусымы әдеттегідей төртеу емес, екеу-ақ. Ол – жаңбырлы маусым және жаңбыр мүлде жаумайтын құрғақ маусым. Құрғақшылық айларында ағаштар мен өсімдіктер қурап қалады. Азық пен су іздеген жануарлар жүздеген шақырым жерлерге ауып кетеді.

**Біліміңді қолдан**

8. Өлең жолдарындағы аллитерация тәсілін тауып, оны дәлелде.

Мен шығыппын Шығыстан.

Босап кетті буыным.

Қорыт

9. Бастапқы пікіріңді қалай толықтырдың?

10. Өлеңдегі кейіпкерлерден өзіңе қандай үлгі алдың?




Өзің тұратын жердің табиғатын сипаттап жаз.

**ЖЫЛҒА ЖАҚСЫ ТІЛЕК**

Сұрақтарға жауап беремін.
Мәтінді өз қиялыммен өзгертіп аяқтаймын.

Құра

1. Батаны оқып, мағынасын түсіндіріңдер.

**Түсініп оқы****«Отамалы» деген – не?**

Қарашоқыны бөктерлеп, Аймаңдай аттың жол жорғасымен жүріп отырып, Абай:

– Шыңғыстың бөктері тегіс көктепті-ау! – деп, айналаға көз жіберіп келе жатты. Аласа, ала күрең бетеге даланы да, бөктер, беткейді де тегіс көгертіп, жасарта бастаған. Бірақ аспан ашық емес.

– Осы бір суық жел мен бұлт айықпайды екен! – деді.

Екі-үш күннен бері бұл өңірде күн бұлыңғыр болған. Және қыстың соңғы салқын тынысы сияқтанып, бір суық жел білінуші еді.

– Е, сәуір жаңа туды ғой. Сәуірдің басы осылай бұлтты, суық болатын әдеті ғой! – деді Қарабас.

– Неге? Сәуір – қыстың айы емес, жаздың айы емес пе? «Жылда бүйтеді», – деймісің?



– Жылда сүйтеді. Сәуірді осы орысша не дейді?

– «Апрель» дейді.

– Ендеше, сол апрелің – осы. «Сәуір болмай, тәуір болмас», – деп бұрынғылар текке айтпаған. «Сәуірдің басындағы суық бітпей, жаз шықпайды», – дегені, – деп Қарабас Абайға айдың мәнін айта бастады.

Бұл жөнінде Қарабас атшабарда Абай сезбей жүрген көп білім бар екен.

– «Сәуір» – бұл айдың арабша аты. Мамыр, маусым...

Абай қазақша ай атының бәрін сұрап, жаттап алды. Бірақ сәуір турасындағы жаңағы сөзді алғаш есіткені – осы еді. Жазға салымның ең жайсыз кезін әнеугүні әжесі «отамалы» деп атап еді.

– Осы «отамалы» – немене? Не деген сөз – өзі? – деп Абай соны сұрады.

– Отамалы көкек айының он бірінде кіріп, он жетісінде шығады. Желсіз, борансыз өтпейді. Қыстың ең соңғы зәрі сонда. «Отамалы» деп атанғаны – бір байдың Отамалы деген қойшысы болған екен. Көкектің суығы басталған уақытта әлгі: «Қойды жайылысқа шығармайық, боран болады. Қойдың қыстан титықтап шыққан кезі, малыңнан айрыласың», – десе, бай діні қатты адам екен. «Сен тоғышарлық қып, алдап отырсың», – деп, Отамалыны сабап-сабап,

қойды жайылысқа шығарады. Сол күні, Құдай көрсетпесін, бір қатты боран басталып, үш күн, үш түн соғып, бар қойы ығып кетіп, қырылыпты. Қойдан қалмайын деп Отамалы пақыр да үсіп өліпті. Көкектің суығы «отамалы» атанғаны содан», – дейді. Әжең пақыр соны біледі ғой», – деді Қарабас.

Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романынан

АББ

Қарабас – Құнанбайдың атқосшысы, шабарманы
Пақыр – «байғұс» деген сөз. Қарабас осы сөзге әдеттеніп кеткендіктен, жиі қайталайды



2. Жолаушылар әңгіме қылған күн райының сипаты қандай еді?

3. Оқиғаның басталуына не себеп болды?



4. Өз қиялыңмен өзгертіп, Отамалы қойшының аман қалғаны туралы әңгіме құра.

Ойлан

5. Кесте бойынша сұрақтарға жауап бер.

Жеңіл сұрақтар	Күрделі сұрақтар
1. Абайдың әкесінің аты – кім?	1. «Бай» деп қандай адамды айтамыз?
2. «Сәуір» сөзі қай тілден енген?	2. «Сәуір болмай, тәуір болмас», – деп бұрынғылар текке айтпаған» деген сөйлемдегі бұрынғылар – кімдер?
3. Сәуір айы мәтінде тағы қалай аталады?	3. Қалай ойлайсың, Отамалы күн райының бұзыларын қалай білді?
4. Адам суықтан үси ме, ыстықтан үси ме?	

Қорыт

6. Күн райын болжауды адам қалай, қайдан үйренуі мүмкін?



Сұраққа 1-2 сөйлеммен жауап жаз. «Отамалы» деген – не?



ҚОШ КЕЛДІҢ, НАУРЫЗ!




Тұжырымның себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсетіп, шығармашылық жұмыстар жасаймын.



1. «Наурыз-думан» әнін (әнін жазған – Т. Сарыбаев, сөзін жазған – М. Мақатаев) тыңдап, өз ойыңмен бөліс. Тыңдаған ән сөзінде наурыз мерекесі қалай сипатталған?



Міржақып Дулатұлы (1885–1935) – ақын, жазушы. Қостанай облысы Жангелдин ауданы Қызбел ауылында дүниеге келген. «Азамат», «Терме», «Оян, қазақ!», т.б. кітаптары бар. Ақын өз өлеңдерінде қазақ жастарын азаттыққа, теңдікке үндейді. Халықты оқуға, еңбекке шақырады.



Түсініп оқы

Наурыз

Аспанда күннің нұры,
Мақпалдай жердің түрі.
Қуаныш мал мен жанда,
Қыс шыққан өлмей тірі.

Келіпті жылдың құсы,
Күнде шу – көлдің тұсы.
Күн жылы, ызғары жоқ,
Жаз шығып, кеткен қысы.

Боздаған анау түйе,
Құлындап жатыр бие.
Гүлдеуге бет алып тұр,
Қызарып қызыл шие.

Егінші егін егіп,
Қостанып, арба жегіп.
Тыныш жоқ ерте мен кеш,
Еңбекпен азап шегіп.

Гүл өсіп гүл-гүл жайнар,
Бұтақта бұлбұл сайрар.
Тіріліп құрт-құмырсқа,
Жер жүзі быж-быж қайнар.

Міржақып Дулатұлы



АББ

Қостанып – қос тігу (жұмыс басындағы баспана)



2. Айнала табиғаттың оянуын жаңа жылмен байланыстырып әңгімелеңдер.



3. Өлеңде табиғаттағы өзгерістер туралы не айтылған?
4. Осы маусымда адам не істейді?

Құра

5. Өлеңдегі жыл құстары тіркесінің түсіндірмесін жаз.

Білгенге маржан

6. Оқып, бір-біріңе түсіндіріңдер.


Наурыз – қазақтың шын мағынасындағы ұлттық мейрамы. Наурызды қазақтан басқа күншығыс елдерінің көбі, мәселен, Үндістан, Иран, Ауған, Бұхар, кавказдықтар да мерекелейді. Бірақ бұлардың бәрімен салыстырғанда Наурызды біздің қазақтың мерекелеуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеңіз, **наурыздың 22-сінде күн мен түн теңеледі**. Малсыз қазақтың күні бар ма? Сол малын аман сақтау үшін еңбек сіңірген қазақ жаздың жеткеніне қалайша өзгелерден артық қуанбасын?! Жаздың басы жаңа күн – Наурызды қалайша мейрам етпесін?!

Міржақып Дулатұлы

Орында

7. Қою әріппен берілген сөйлемнің мағынасын сызба немесе сурет арқылы бейнелеңдер.

8. Оқушының жазғанына қара. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып оқы.



Аузы аққа тию – сүт, айран ішу

Қорыт

9. Наурыздағы табиғат саған несімен ұнайды?



Өлең шумақтарының мазмұны бойынша сурет сал. Өлеңді жаттап ал.



ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР



Тапсырмаларды орындау кезінде біліміңді қолданамын. Біліміңді қорытып, бағалаймын.

1. Сөзжұмбақты шеш.

1. Ақын Сейфуллиннің аты – кім?

2. «Түр-тұрпаты өзгеше, қоңқақ тұмсық, сұр аң» – бұл тарауда оқыған қай аңның сипаты?

3. Сатылмайтын нәрсені сатып алған кейіпкер – кім?

4. «Құмдағы құпия» мәтінінің кейіпкері кім?

5. Есімі таудың атауына айналған кейіпкер – кім?

2. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қой.

«Сәуір болмай, тәуір болмас», – деп бұрынғылар текке айтпаған. «Сәуірдің басындағы суық бітпей, жаз шықпайды» дегені, – деп Қарабас ... әр айдың мәнін айта бастады.

3. «Жаумай жауын жалғыз тамшы...», «Қайтсем жауын жаудырамын...» деген сөйлемдерден кейінгі оқығаны әрі қарай әңгімеле.

4. «Толағай» аңызындағы оқығаның шешімін әңгімеле.

5. И.А. Крыловтың «Жапырақтар мен Тамырлар» мысалы мен суреттегі «Шегіртке мен Құмырсқа» мысалының кейіпкерлерін мінез-құлықтарына қарай қалай топтастырар едің?



6. Күн райы күрт жылынса, бұл баспаналардың қайсысы бұзылады?



7. Төмендегі сөздер табиғаттың қай құбылысын сипаттайды?

Қылшылдап, жалаңдап, ысқырып, санын сабалап, аузын ашып, бет қарып, ұшқын шашып.

Бұл сипаттамаларды қай шығармалардан оқыдың?

8. Ертегінің түрлерін есіңе түсір. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қой.

... -салт ертегісі, ... -ғажайып ертегісі, ... туралы ертегі.

9. «Табиғат қалай ашуланады?» немесе «Табиғат мінезі» тақырыбында эссе жаз. Эссе жазуда
- бірнеше эпитет сөз;
 - теңеу сөздер;
 - етістіктерді қолдан (мысалы: гуілдеді, ...)

10. Айтыс түрінде жазылған өлеңнің кейіпкерлерін ата.

11. Төрт мезгілдің айтысын ұйымдастырыңдар.



Нені білесің:

- ◆ Оқу түрлерін қолданасың.
- ◆ Шығарманың тақырыбын, негізгі ойын анықтап, маңызды тұстарын талдайсың, салыстырасың.
- ◆ Өз ойыңды, пікіріңді дәлелдейсің, кейіпкердің іс-әрекетін бағалайсың.
- ◆ Шығарманың құрылымын анықтайсың.
- ◆ Түрлі шығармашылық жұмыстар орындайсың.
- ◆ Сөйлеу барысында қимыл, ым-ишара тілдік құралдарын қолданасың.
- ◆ Түрлі дереккөзден ақпарат аласың.
- ◆ Біліміңді бағалайсың.





МЕНИ ҚОРШАҒАН ОРТА



Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойын анықтаймын.
Өлеңнің маңызды тұстарын талдаймын.
Шығармашылық жұмыс жасаймын.

Сипатта


1. Көпіршіктегі сөздер қай ғаламшарды сипаттайды?



2. Берілген сөздерді пайдаланып, қоршаған орта туралы әңгімелеңдер.



Ескен Елубай (1942–2017) – ақын. Жамбыл облысы Қордай ауданы Отар стансысында дүниеге келген. Ақынның өлеңдері мен кітаптары балаларға арналған. Ақын көп жыл «Балдырған» журналында қызмет істеген.



Түсініп оқы

Дарқан жер

Балақандар, біл, таныс,
 Басын бұрып Күнге алыс
 Өскен мынау күнбағыс
 Ұзынтұра бұл нағыз.
 Егіп қойды мұны кім?
 Жердің бұлар күні-түн
 Шырынын сорып ала алар,
 Сол үшін екті адамдар.
 Мынау өскен қарбыздар
 Піскен кезде жарғызар.
 Егіп қойды мұны кім?
 Жердің бұлар күні-түн
 Суын сорып ала алар,
 Сол үшін екті адамдар.
 Мынау өскен сарымсақ,
 Тез шығатын барын сап.
 Егіп қойды мұны кім?
 Жердің бұлар күні-түн
 Ащысын сорып ала алар,
 Сол үшін екті адамдар...
 Мынау өскен жусандар,
 Сыпырғыш қып бусаңдар.
 Егіп қойды мұны кім?
 Жердің бұлар күні-түн
 Хош иісін сорып ала алар,
 Екпесе де адамдар...
 Жерден қажет алар нәр,
 Өсімдікті табар әр,
 Қолданып сан амалдар,
 Данышпан ғой адамдар!

Ескен Елубай



АББ

Дарқан – жомарт, береген



3. Адам жер бетінде не жасай алды?

4. Табиғат адамға не берді?



5. Өлеңдегі кейіпкер сияқты өздерің не өсірдіңдер?



Біліміңді қолдан

6. Кестемен жұмыс.

«Жер-ана жомарт», «Жер-ана дарқан» деген сөздердің мағынасында айырмашылық бар ма?

Бұл сөздердің мағынасын беретін басқа тіркес ойлап тап.

Қорыт

7. «Біз, адамдар, табиғат алдында қарыздармыз» дегенді қалай түсінесің?

8. Өлеңнің соңғы шумағын оқып, негізгі ойды түсіндір.



«Өзім еккен едім» тақырыбына сурет сал немесе фотоға түсіріп, дайында.



ҚАЗАҚСТАН КӨЛДЕРІ



Сөйлеу барысында мақал-мәтелді қолданамын.
Шығармашылық жұмыс жасаймын.

Біліміңді қолдан



1. Қазақстанның қандай көлдерін білесіңдер?




Өтебай Тұрманжанов (1905–1978) – ақын. Оңтүстік Қазақстан облысы Бөген ауданы Жалғызбағаш ауылында дүниеге келген. 50-ге тарта кітабы жарық көрген. Ақынның шығармалары негізінен балаларға арналды.

Түсініп оқы

Балқаш көлге барайық

Балалар-ау, балалар!
Қатар басып, барабар,
«Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған»
Балқаш көлге барайық.
Балығын ұстап алайық,
Суына салқын түсейік,
Күбідей күп-күп пісейік.
Күншуаққа жатайық,
Көп қызыққа батайық,
Ән салып, өлең айтайық,
Ауылға сөйтіп қайтайық.




Ө. Тұрманжанов



Күбі – іркіт пісетін ағаштан жасалған ыдыс

Көл



Жатыр әсем көл тұнып,
Көзіндей жас ботаның.
Құшақтаймын толқынын,
Қуанышқа батамын.

Жағадағы тал-құрақ
Өзін содан көреді.
Қозылардай жамырап,
Құстар ұшып келеді.

Күлімсіреп күн күндіз,
Көк аспанды шолады.
Кешке қарай көп жұлдыз
Кеудесіне қонады.

Әлдилейді майда жел,
Таң нұрланып атады.
Тербетіліп айна көл,
Жерде аунап жатады.

Тұманбай Молдағалиев



2. Ақындар сипаттау үшін қандай көркемдегіш құралдарды (эпитет, теңеу) қолданған?



3. Суреттерге қарап, көлдің жағасын сипаттап жаз.



4. Көл суының адамға пайдасы туралы не білесіңдер?



5. Қазіргі кездегі өзен, көлдердің ластануы туралы әңгімелеңдер.



Тыңда



6. Экологиялық мәселелер шешілмесе, не болуы мүмкін?

Ойлан

7. Өз тарапыңнан не қосар едің?



Экология (грекше «экос» – мекен, тұрақ, «логос» – ғылым) – адамның тіршілік ортасымен қарым-қатынасы туралы ғылым. Яғни, тірі ағзалардың өзара қатынасын қоршаған ортасымен, мекенімен байланыстырып зерттейтін ғылым.

Эколог – қоршаған ортаны қорғайтын маман.



Өз жеріңдегі суға байланысты экологиялық мәселелерді анықта. «Өзіңнен баста!» тақырыбына қысқаша ойыңды жаз.



ИТ - АДАМНЫҢ ДОСЫ



Өз ойымды білдіремін.
Шығармашылық жұмысқа дағдыланамын.

Тыңда



1. «Итім болса, шіркін!» өлеңіндегі баланың ойын түсіндір.



Пікіріңді айт



2. Өзің не асырағың келеді?



Есіңе түсір

3. Бердібек Соқпақбаевтың қандай шығармаларын білесің?



Түсініп оқы

Көшер кезде

(үзінді)



... Майлыаяқ жедел өсіп, середей ит болып қалған. Аяқтары сидам, үлкен жарғақ құлақтары салпиған, жүні тықыр. Дене бітімі қазақы төбет иттен гөрі тазы тұқымына көбірек ұқсас.

Майлыаяқ – байлау көрмей, ауланың ішінде еркін шапқылап өскен ерке күшік. Сырттан біздің қақпаға қарай бөтен адам, бөгде мал келе жатса, арс-арс етіп, алдынан тұра жүгіретін әдеті. Жоқ, Майлыаяқ қабаған емес... Балалық шолжаң мінезі ұстап, тек қорқытып-үркіткісі келгендей одыраңдап, айнала шауып өтеді. Кішкене бала-шаға болса, басынан секіріп те кетеді...

Біраз күннен бері Майлыаяқ бұрынғы еркін өміріне зар. Үйді, малды сата бастағалы біз оны шынжырлап қоятын болғанбыз. Себебі ауылдан Алматыға көшетін болдық. Байлап қою себебімізді өзі түсінбейді, әрине. «Менің не жазығым бар? Неге байлап қойдыңдар?» – дегендей, балаша жылап, қыңсылап, аяғымызға оралады. Жалынып-жалбарынғандай болады.

Тап бүгін бір сұмдықтың болатынын Майлыаяқ енді сезді. Таңертең итаяққа құйған асты ішпей, легеннің шетінен тұмсығымен қағып, төгіп тастады. Сосын шоңқиып отырып алып, тұмсығын көкке созып, ұлуға кірісті. Дәл бір басына күн туып, зарланған адам тәрізді.

– Әй, Еркін, мына ит біздің бүгін кететінімізді біліп, соған ұлып отыр. Өзін бірдеңе етіп алып кетсек қайтеді? Жамалыммен қатар туған ит еді, – дейді әйелім Зағипа.

Майлыаяқтың зарлы даусы оның көңілін босатып жібергендей.

Итімді мен де қимаймын. Бірақ... Қалай әкетеміз? Пойызға бірдеңе етіп мінгенмен, Алматыға барған соң, өз үйіміз жоқ, қайда ұстаймыз бұны? Әбекең «Келем», – деп еді ғой. Сол кісіге аманат қып тастап кетеміз. Қор қылмайды. Әбекең – осы ауылдың қойшысы, жақсы адам. «Майлыаяқты маған бер», – деп өзі сұраған болатын.

Таңертеңгі шайымызды ішіп бола бергенде Әбекең де жетті. Сүйікті итімізді тіліміз жеткенше аманат етіп тапсырып жатырмыз.

Қолына жарты таба нан ұстаған Әбекеңді байлаулы Майлыаяқтың қасына ертіп келдім. Ол алдыңғы екі аяғын

көсіліп салып, басын аяқтарының үстіне қойып, біртүрлі ойға батқан секілденіп сұлық жатқан. Біздің не оймен келе жатқанымызды сезгендей, зып беріп, қасындағы тақтай үйшікке кіріп алды.

– Майлыаяқ, шық бері!

Шықпайды.

– Майлыаяқ, кел, келе ғой!

Бері шығу орнына, үйшіктің түкпір жағына тақала түседі.

– Майлыаяқ, қазір бізге мәшине келеді. Біз кетеміз. Сенің жаңа иең – міне, мына кісі. Танып, біліп ал.

– Майлыаяқ, мә, жей ғой, – деп Әбекең қолындағы нанды үйшіктің аузына алып барды. Қыбыр еткен Майлыаяқ жоқ...

– Ақылды ит, біліп жатыр... Біз кеткен соң, Әбеке, өзіңіз бірдеңе етіп көңілін табарсыз Майлыаяқтың.

Бердібек Соқпақбаев
«Өлгендер қайтып келмейді» романынан

АББ

Середей – сорайған, ұзарған

Аманат – бұл жерде: итін біреуге тапсыру

Басына күн туған – қиыншылыққа тап болған

Ойлан



4. Жазушы Майлыаяқты қалай суреттеген?

5. Мәтінді оқығанда қандай сезімде болдың?

Өзгертіп жаз



6. Әбекеңнің қолында қалған Майлыаяқтың тағдыры қалай болғанын қысқаша өз қиялыңмен жаз.

Ойыңмен бөліс

7. Ит иесінің орнында болсаң, Майлыаяқты тастап кетер ме едің?

Есіңе түсір



Мінездеу – көркем шығармада кейіпкердің мінез-құлқын, сенімнанымын, көзқарасын, көңіл күйін суреттеу. Мінездеу сол кейіпкердің жағымды-жағымсыз әрекеттері, сөйлеу мәдениеті, үлгі боларлық қылықтары арқылы көрінеді.

Мәтіндегі бір кейіпкердің іс-әрекетін сипатта.

Зағипа
Еркін
Әбеке
Майлыаяқ

Білгенге маржан



Жеті қазына – қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы түсініктердің бірі. Қазақ халқы жеті қазынаны ер жігіттің өмірімен байланыстырады. Оған: *жүйрік ат; қыран бүркіт; құмай тазы; берен мылтық; қанды ауыз қақпан; майланғыш ау; өткір кездік жатады.*

Қорыт



8. Мәтіннің негізгі ойын анықтаңдар.

Ит – жеті қазына

Итті иесімен қина



«iMekter.kz» сайтынан ит түрлері туралы қызық дерек оқып, әңгімелеуге дайындал.

Мақал-мәтелге қатысты қақпаға ілінетін жарнама сөз дайындап, жаз.

«Ит қаппайды!» – деме,
«Ат теппейді!» – деме.



ҚҰСТАР ӘНІ



Мәтінді талдаймын.
Шығармашылық жұмыс жасаймын.



1. Нұрғиса Тілендиевтің «Құстар әнін» тыңда. Ойыңа не түсті?

Бұл – ненің даусы?



Түсініп оқы

Күзгі құс керуені

Кеше мектептен келе жатып, жолда әкеммен кездесіп қалдым. Біз жолыққан кезде тура біздің үстімізден тізбектеліп бір топ қаз ұшып өтті. Бұдан бірнеше күн бұрын біз у-шу болып қарқылдап ұшып бара жатқан ұзақ қарғаларды көрген едік. Әкем екеуіміз үйге бірге қайттық. Ол кісі жол-жөнекей құстар туралы маған мынандай әңгіме айтып берді:

– Жыл сайын қоңыр күзде біздің ауылдың үстінен үйрек, қаз, тырна сияқты құстардың легі ұшып өтеді. Кей




жылдары аққуларды да көруге болады. Бұл құстар қыстың жақындап қалғанын сезіп, жылы жаққа қарай қоныс аударып барады. Жылы жаққа қайтқан құстар жоғары ұшадy. Ең биік ұшатыны – тырналар мен аққулар. Алыс жаққа бет алған құстар жерге сирек қонады. Тоқтамастан, бірнеше жүз шақырымға дейін ұша береді. Қарындары ашып, шаршаған кезде түнеп шығу үшін жерге қонады.

Жылы жаққа кетіп бара жатқан құстар топтасып немесе тізбектеліп, көбінесе үшбұрыштанып ұшады. Әр топтың алдында өте тәжірибелі өз жолбасшысы жүреді. Ол жолды жақсы біледі, себебі бұған дейін бұл жолмен талай рет әрі-бері ұшып өткен. Құстардың бір үйірінде мұндай жолбасшы бірнешеу. Олардың міндеті көп. Құстардың жерге қонып, тамақтанатын, демалатын орнын солар таңдайды. Үйірдің қауіпсіздігін де солар бақылайды. Құстар бір жерге қонып, демалған кезде жолбасшылар кезектесіп оларды күзетеді. Аспанда да жолбасшылар ауыр жұмыс атқарады. Тізбектің ең алдында ұшатын болғандықтан, олар қанаттарымен ауаны жарып, соңындағыларға жол салып отырады. Жолбасшы салған жолмен ұшу оның соңындағы құстарға жеңіл болады. Сондықтан жолбасшы ауада


өте көп күш жұмсайды. Тез шаршайды. Ондай кезде оны басқа жолбасшы ауыстырып, шаршаған жолбасшы үйірдің соңынан ілеседі. Үйірдің ең соңынан ұшу өте жеңіл. Жолбасшылар осылайша кезектесіп демалып отырады, – деп әкем әңгімесін аяқтады.

Мен әкемнің әңгімесінен көп нәрсе ұқтым. Құстардың ақылдылығына, ұйымшылдығына қатты таңғалдым.



Мұхтар Әуезов

-  2. Құстардың жылы жаққа ұшуынан қандай жаңалық білдің?
3. Аспандағы ауа қабатының кедергісін құстар қалай жеңеді?

Түсіндір


-  4. Әңгімедегі құстардың ерекшелігін атаңдар.
5. Қалай ойлайсың, өзің тұрған жерде қыстап қалған құстарға қандай көмек керек?

Құра


-  6. Құрмалас сөйлемді үлгі бойынша аяқта.
 *Үлгі:* Құстар үнсіз топталып ұшып, туған жерді қимай кетіп барады.

Құстар топтасып, қиқулап ұшып, ... келіп жатыр.

Ойыңмен бөліс

-  7. Бір-біріңе құстар туралы сұрақ қойыңдар. Мысалы: «Құстар барар жеріне қалай адаспай ұшып барады?», т.б.

Қорыт

8. Әкесінің әңгімесінен бала көңіліне не түйді?
 Бір құстың атынан күзгі жолдың қиындығын сипаттап хат жаз.



68 САҚТАН, ҚОРҒА, КӨМЕКТЕС



Сөйлеу барысында иллюстрацияларды пайдаланамын, постер жасаймын.
Түрлі дереккөзден ақпарат аламын.
Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойын анықтаймын.

Ойлан

1. Суреттегі заттардың қызыл түстерінің ортақ мағынасы болуы мүмкін бе?
2. Халық ұғымында суреттегі қызыл түстер нені білдіреді?



Білгенге маржан



Қызыл крест және қызыл жарты ай халықаралық қозғалысы – қарулы қақтығыстар кезінде бейтараптық танытып, қарсылас жақтарға тек гуманитарлық, медициналық көмек көрсетеді. Бұл қозғалыс 1863 жылы құрылған, оған әлемнің 74 елі мүше. Штаб-пәтері Женева қаласында орналасқан.

Қазақстан Республикасында Ұлттық «Қызыл жарты ай қоғамы» 2002 жылы құрылды.

Түсініп оқы

«Қызыл кітап»

...Қашқан кезде адамнан ізін қандап,
 Тау ешкісі өтеді құзыңды аңдап.
 «Қызыл кітап» – «Тірі жан тимесін!» – деп,
 Хайуанатқа берілген қызыл мандат.
 Баяғыдай көбінің халі бірақ:
 Мойындарын үзеді әлі бұрап.
 «Қызыл кітап» – бұл өзі қызық кітап:
 Тысы жұқа, астары қалыңырақ!..
 Әттең, бірақ! Аспанның бұлты биік
 Жаңбыр емес, өтеді сілті құйып...
 Қара жерді жылатып, еңіретіп,
 Кетті солай дронттың өмірі өтіп.
 Екі ғасыр бұрын біз ең ақырғы
 Сусиырды өлтірдік мәңгіретіп.
 Қызыл-жасыл, зер өңді, қалайы түр
 Тотылардың музейде талайы тұр...
 Осыны айтсаң, күрсініп, тоқтайды жел,
 Өкініштің мылтығын оқтайды шөл.
 Солқ-солқ етіп жылайды, опат болған
 Перзенттерін еске алып, жоқтайды Жер.
 Одан көріп, ақыры бұдан көріп,
 Таласқаннан не таппақ құлан, керік?!
 Жоғалтқанды жоқтаған жөн болғанмен,
 Жоғалтпаған жақсырақ одан гөрі!

Қадыр Мырза Әли



АББ

Қызыл мандат – рұқсат куәлік
Сілті – бұл жерде: «химиялық улы жаңбыр» деген мағынада
Дронт – салмағы 20 келідей, ұша алмайтын құс, 17-18 ғасырларда жойылып кеткен

Білгенге маржан



Халықаралық Табиғатты қорғау одағы
 1948 жылы тіршілікті қорғауды қолға алды. Бір жылдан соң сирек кездесетін түрлерді қорғайтын комиссия құрылды. Комиссияның міндеті – жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрған өсімдіктер мен жануарларды зерттеп, қорғауға алу, оларды бір кітапқа топтастыру. Комиссияның төрағасы – Питер Скотт адамдардың қыпқызыл түске назар салып, сәл де болса ойлануы үшін тізімді «Қызыл кітап» деп атауды ұсынды.

Ең алғашқы «**Қызыл кітап**» 1963 жылы жарық көрді. Бұл – адамзаттың табиғатты қорғау үшін жасаған алғашқы қадамдарының бірі болатын.

3. Өлеңдегі негізгі ойды түсіндір.



4. Өлеңдегі қай сөздер аяныш тудырады?

5. Хайуанатқа қиянат кімдердің қолымен жасалады?

Дәлелде

6. Ақын біздің жеріміздегі мәселені ғана жырлаған ба? (Иә/жоқ)



7. Бұл тұжырым нені білдіреді?

«Қызыл кітаптың» мазмұны жасыл!

«Қызыл кітаптың» беті қызыл!

Құра



8. «Жер-мекенімізді сақтайық!» тақырыбында жарқағаз, постер жасаңдар.



Өлеңнің ұнаған шумағын жаттап ал.

Үлкендердің көмегімен «Қызыл кітапқа» кірген еліміздегі жануарлар туралы қысқаша хабарлама жаса.



ҚҰМЫ ДА ҚЫМБАТ ТУҒАН ЖЕР



Сөйлеу барысында мақал-мәтелді пайдаланамын.
Шығарманың негізгі ойын анықтаймын.

Сипаттап айт

1. Өзіңнің ауылыңды/қалаңды несімен мақтан етесің?



Ойыңмен бөліс



2. Кестемен жұмыс.

№	Құмды жер туралы естігеніңді, білетініңді әңгімеле.	Иә/жоқ
1	Құмды жерде тұруға болады.	
2	Құмды жердің күн райы қиын болуы мүмкін.	
3	Құмды аймақта адамдар тұрады.	
4	Мен құмды жерде туып-өстім.	
5	Сен ыстық, құмды аймақта тұрар ма едің?	



Оралхан Бөкей (1943–1993) – жазушы. Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданы Шыңғыстай ауылында дүниеге келген.

«Апамның астауы», «Құм мінезі», «Біздің жақта қыс ұзақ» атты шығармалары бар.

Түсініп оқы

Құм мінезі

Бархан қой соңына ерген жылдарда қаншама су ақты, қаншама жапырақ сарғайды, қаншама рет құстар келіп қайтты; Құдай-ау қанша рет ұшақ ұшып өтті?.. Тек баяғыда сусылдап, қоныс таппайтын ұшқалақ құмдар ғана іштей тынып, жым-жырт жатып алған. Қызылқұмның көшіп-қонбай, бүк түсіп жатуы бұл мекендегі елді елеңдетпей қойған жоқ. Қайсыбірі жаман ырымға жорыса, енді бірі: «Берекемізді алар сусылынан гөрі осы момақан мінезі дұрыс. Құм көшпесе, шөп шығады, малға өріс болады», – десті.

Соңғы кезде Қызылқұм мінезі мүлдем өзгеріпті. Баяғыдай емес, ит тұмсығы өтпейтін қалың сексеуілдің бұл күнде азайып бара жатқаны Барханның қабырғасына қатты бататын. Трос тағып, трактормен қопарып-қопарып, жөн-жосықсыз отынға жөнелтіп жатқан қайран сексеуілдің, әне, тек ойдым-ойдым орны ғана қалған. Тамырымен жұлып әкеткен әлгі сексеуілдің орны алыстан қараған адамға зеңбірек снаряды түскен ұрыс даласындай шұрқ-шұрқ жыртық еді.

Әлі есінде, баяғыда, баяғыда емес те-ау, үлкен ұлы туған жылы осы Қызылқұмның сексеуілі мен түргені есен-сау шақта, бұл өңірде аң-құстан аяқ алып жүргісіз еді. Қоймен бірге өріп, қоймен бірге жусайтын аң екеш аңның да тұқымы құрып, азып-тозып барады-ау!

Осыншалық ұлан-ғайыр даланы шекпен киген қазақтың ғасырлар бойы қимауы, қаншалық зорлық көріп, азсын, тозсын, шөлден қаталап өлсін, жан бағып көшіп кетпей, осы қатыгез құмда рақаттана жан тапсыруы неліктен? Жаздың жаймашуақ күндерінің бірінде киіз үйдің керегесін түріп қойып, таң атқанша құлақ түрер еді...

Иә, құм жылайтын... Иә, құм сөйлейтін... Иә, құм жырлайтын... Иә, құм ән айтатын...

Қызылқұмның тілін тек өзі ғана білетін Бархан онымен күбір-күбір әңгіме шертісер еді.

– Күні кеше жер қайыстыра жортып жүрер аң-құс қайда?
 – Адамдар түні бойы мәшиненің жарығымен аулап құртқан.

– Ей, Қызылқұм, баяғыдай неге көшпейсің?

– Көше бергеннен көрген пәтуаң кәне?

– Адамдар үшін жалғыз жұтым суыңды неге қимайсың?
 Қазған сайын қаша бересің.

– Қазір адамдардан су ғана емес, табиғаттың орман-тоғайы, аң-құсы – бәрі-бәрі қашып барады.

– Ей, Қызылқұм, неге күлесің?

– Сені мазақтап. Алдыңдағы малдың амандығына мәзсің. Жалпақ жаһанда не болып жатқанынан хабарың жоқ.

О. Бөкей

АББ

Пәтуа – бұл жерде: «рақат, тапқан пайда» деген мағынада
Қабырғасына бату – ауыр соғу, қиын тию



3. Қойшы Бархан құм даланың қандай өзгерістерін көрді?

4. Жазушы сексеуілдің орнын қалай сипаттаған?



5. Мәтіннен қазақ халқының жерге деген сүйіспеншілігін тауып, оқы.

6. Мәтіндегі негізгі ойды төмендегі мәтелді пайдаланып, түсіндір.

Бөтен жердің гүлінен
 Туған жердің тікені артық.

Тыңда



7. Қалай ойлайсың, шынымен құм ән айта ма? Олай болса, тыңдап көрейік.



8. Құмның Барханға ренішін оның сөзінен іздеңдер.

Пікіріңді айт

9. а) Бархан құмнан қашып, көшіп кеткісі келеді;

ә) Бархан құмның аянышты халін түсінеді, бірақ шарасыз.



Құмға немесе Барханға өз атыңнан хат жаз немесе Құмның атынан Барханға хат жаз.



ТІРШІЛІК КӨЗІ ЕҢБЕКТЕ



Өз ойымды, сезімімді, көзқарасымды ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып пікір айтамын.
Мәтінге жаңа кейіпкер қосып, оқиға құраймын.

Пікіріңді айт

1. Кестемен жұмыс.

Мен үшін еңбек ету
а) қажет емес, себебі ...

ә) қажет, себебі ...

мен әлі кішкентаймын.
менің асыраушым бар.
мен үлкейгенде еңбек етем.
...

Өз еңбегің арқылы табиғатқа қалай көмектесіп жүрсің?

Түсініп оқы

Есік қаққан Еңбек

(қысқартылып алынған)



Тіршілік атаулыға ғажайып өмір сыйлағысы келген
Еңбек әлемді шарлайды.

...Еңбек жауған жаңбыр тамшылары жерге жетпей кеуіп үлгеретін аты аңызға айналған Африка еліне аттанады...

Әлемдегі ең биік Намиб құмтөбелері осы Африкада. Құм белестеріне бет алған Еңбекті шөл қысып, әбден әлсіреген Қара қоңыз қарсы алады. Еңбек Қара қоңызды құмтөбеге алып шығады да қараңғы түсуін күтеді. Өйткені түнде теңіз жақтан тұман түседі. Қараңғы түсе Қара қоңызды желге қарсы арқасын тостырып, басымен тұрғызып қояды. Оның арқасында қалың тұманнан тамшылар пайда болады. Арқасынан аққан тамшылар Қоңыздың аузына құйыла бастайды.

– Рақмет! – деген Қара қоңыздың әлсіз даусы естіледі.

Тамшыға таңдайы жібiген Қара қоңыздың Жаратушыға алғысы шексіз еді. Еңбекпен достасқан күннен бастап шөл далада тіршілік ететін Қара қоңыз осылайша шөлiн тұманнан пайда болған тамшылармен қандыратын болыпты.

Адамдар бара алмайтын Антарктидаға да Еңбек ерiнбей барып қайтады. Мұзға айналған әлемде Еңбекті топ-топ пингвиндер қарсы алады.

Еңбекпен қоян-қолтық араласқан пингвиндер жүзіп жүрген мұздарды елеместен жарыса суға сүңгіп, балық ұстап, балаларын қоректендіреді. Пингвиндер балапанын өскенше қалтасына салып бағады екен.

Осы Мұзды мұхиттың түбiнде қысы-жазы жайылатын теңіз мысығымен де Еңбек достасып кетті. Сойдақ тістері сорайып, аузынан шығып тұратын теңіз мысығы екі жасқа дейін баласын арқалап өсіреді екен.

Тіршілік атаулыға ғажайып өмір сыйлағысы келген Еңбек Үндістаннан өтіп бара жатып, тәтті іздеп жүрген балаларды кезіктіреді. Еңбек балаларға тәттілігі тіл үйретін қамыс қантын өсіруді үйретеді. Қылтиған қамыс түбiнде түнеп жатқан балаларға Еңбек ерекше сүйсінеді. Содан бері тәттіқұмар балалар қант қамысын өздері өсіріп, жинап алатын болыпты.

Еңбек енді бағбан досы өсірген бау-бақшаны аралайды. Сайраған құстардың даусы күндіз-түні бір толастамайтын бақшада Еңбекті Дәуіт пен Үнді тырнасы құшақ жая қарсы алады.

Үшбұрыш тәрізді басы бар, ұзын мұртты, үш көзді дәуіт бір орында отырып-ақ, шыбын-шіркейді ұстап жейді. Ал сенгіш те сезімтал Тырна бақшаны күзетеді. Құстардың ұясын бұзып, жұмыртқасын жегісі келген жыландарды тырна тырп еткізбей, шетінен аулап жеп отырады екен.

Райхан Мәженқызы

АББ

Тіршілік атаулы - бүкіл тіршілік

?

2. Тіршілік үшін еңбектену керектігін Қоңыз қалай түсінді?
3. Барлық жан-жануар Еңбекті не үшін жақсы көреді?

Бағала

👥

4. Тіршілік атаулыға ғажайып өмір сыйлағысы келген Еңбекке қандай баға бересіңдер?

Есіңе түсір

5. Адамға, бір-біріне жақсылық жасаған қандай ертегілік кейіпкерлерді білесің?



Құра



6. Суреттер бойынша мәтіндегі Еңбек сияқты әр елге саяхаттаңдар.



7. Еңбектің рөліне еніп, ертегі мазмұнына оқиға қосып сөйлеңдер.



Ойлан

8. Сөз тіркестерін оқы. Алғашқы әрпі бойынша еңбекқор жәндіктің атын тап.

Күрекпен жер қазған. Қыл мен шөптен ұя салған.

Қорыт

9. Жазушы Еңбек арқылы не көрсетпекші болды?



Ертегі мазмұны бойынша жоспар жаз.

**71 СУАСТЫ ТІРШІЛІГІНЕ ҚАМҚОРЛЫҚ**

Мәтіннің негізгі ойын деректер келтіре отырып дәлелдеймін.

Пікіріңді айт

1. Суасты жануарларының тіршілігіне қандай қауіп-қатер төнуі мүмкін?



2. Суда тіршілік ететін жануарларға адамның қамқорлығы қажет пе?

Түсініп оқы**Балықтарға көмек**

– Екеуіміз бүгін балық аулап қайтайық, – деді әкесі таңғы асын ішіп болып.

– Алақай! – деп Мақсат орнынан ұшып тұрды. – Осы суықта ма? Көлді мұз жауып жатыр ғой. Оның үстіне біздің қармағымыз да жоқ, – деді.

– Мен құрал-сайманды дайындап қойғанмын. Тек біраз нан ала жүр, – деп әкесі жымыды.

Мақсат апыл-ғұпыл киіне бастады. Әкесі есік алдында тосып тұр екен. Мұның қолына балтаны ұстата салды. Өзі сүйменді алды.

Екеуі Қамыстыкөлді бетке алып, қатар адымдап келеді. Айнала жым-жырт. Қар жамылған жазық... Табан астындағы қар сықыр-сықыр етеді. Осылайша айналаға таңдана қарап, асықпай аяңдаған бұлар көлге де жетті. Көл беті – сірескен мұз.

Әкесі үстіндегі тонын шешіп тастады. Пимасын бір-біріне қағып, зілдей сүйменді қолына алып, мұзды оя бастады... Кенет су көпіршіктері бұрқ-бұрқ етіп, аппақ бу көтерілді. Жылымнан су көтерілді. Тұп-тұнық екен.

– Қане, балам, әлгі нан қиқымының біразын суға шашшы, – деп өтінді әкесі. – Қызықты сосын көресің.

Әуелде біраз қалқыған, бірақ бірте-бірте су сіңген нан ұнтақтары ауырлап, тереңге бата бастады... Су астынан балықтардың жұп-жұқа шілтердей қанаттары мен құйрықтары жылпылдап, теңгедей дөңгеленген ауыздары мен желбезектерінің желп-желп еткені көрінеді. Біразы нан үгіндісіне ұмтылса, көбі желбезектерін жиі-жиі желпілдете тыныстап, су бетіне сансыз ауа көпіршігін қаптатуда. Балықтарды қолмен-ақ ұстап алуға болардай.

– Қарашы, қарашы, ауа жұтып жүр, – әкесі балықтарды шошытып алмайын дегендей сыбырлай сөйледі. – Әр жәндікке ауа қандай қажет, ә!?

– Біз мұзды неге ойдық? – деп сұрады әлі ештеңе түсінбеген Мақсат. – Мына балықтарды аулаймыз ба?

Болжа

Мақсаттың әкесі сұраққа қалай жауап беретінін болжап, айт.

– Ә, балам-ай, – деді әкесі. – Бұларды аулағанда не ұтамыз? Өздері онсыз да қырылып қала жаздапты ғой бейшаралар. Біз әлі біраз жылым оюымыз керек.

– Неге?

– Қыстыгүні көлдер мен өзендерде мұз қатқанда су астында оттегі азайып кетеді. Балықтар әлсіреп, ауаның

жоқтығынан әрі қоректің аздығынан қырылып қалады. Табиғатқа жаны ашитын адам осы мезгілде балықтарға көмектесуі керек... Міне, ендеше сен де қарап тұрма. Ана балтамен мына жерді ой, – деп тапсырды әкесі.

Мақсат балтаны үсті-үстіне сілтеп жатыр. Балықтардың халі қандай аянышты! Бұрын білсе ғой, ендігі талай жылым жасап, жем шашып тұрар еді. Мейлі, қыс ұзақ қой. Әкесі екеуі әлі талай келер...

Жаңабек Шағатаев

АББ

Жылым – өзен мен көлдің қыстыгүні қатпайтын жері



3. Мәтіннің негізгі ойын білдірген сөйлемдерді тауып оқы.



4. Мақсат су астындағы балықтар тіршілігі туралы не ұқты?

Ойыңмен бөліс

5. Қай жануар туралы қызық ақпарат айта аласың?



Қорыт

6. Жануарлар тіршілігінің қиындықтарын шешу не үшін керек?



Сұрақтар бойынша жауаптар дайындап, хабарлама жаса.

Жеңіл сұрақ	Күрделі сұрақ
Мақсат пен әкесі жылым жасау үшін қандай құралды пайдаланды?	Оттегі деген – не?
Қандай балықтарды білесің?	Балық аулауға тыйым салына-тын мерзім болуы мүмкін бе?
Қыста балықтарға көмек керектігін бұған дейін естіп, білдің бе?	Жылымды не үшін жасау керек?



ЖАНУАРЛАРДЫҢ СИПАТЫ



Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалаймын.
Шығармашылық жұмыс жасаймын.

Біліміңді қолдан

1. Кестемен жұмыс.

Әңгіме, ертегі, мысалдағы жануарлардың сипаты туралы не білесің? (Мысалы: қу, ...)	Бұл жануарлар туралы не білесің?
	<p>Қасқыр бөлтірігін қорғай ма? Қаз балапанын қорғау үшін не істейді? Түлкі шынымен ертегі, мысалдағыдай қу ма? Құмырсқа әңгімеде жазылатындай еңбекқор ма?</p>

2. Әлсіз жануарларды қорғауға көмектесіп көрдің бе?

Түсініп оқы

Дуадақ

Шілде айының басталған кезі. Аспан айналып жерге түскендей...

Жеңіл мәшинедеміз. Даңғыл дала жолының екі жағы қаптаған шөпшілер.

Біз елсіз қырға шықтық. Ақ селеудің арасынан шөл еркесі, сескенуді білмейтін алып дуадақты көрдік. «Мен атамын, мен атамын!» – деп таласып қалдық. Ортамыздағы агроном Бектемір:

– Атпаңдар, бізден үрікпеуіне қарағанда, бұл дуадақтың осы маңда балапаны бар. Обалына қалмаңдар! – деп бәйек болды.



Шынында да, дуадақ бізден қорыққан жоқ. Қанатын біраз сермеді де мәшинеден түскен бізге қарап отыра берді. Жүргізуші Қалбай екеуіміз балапан іздеп, төңіректі тінте бастадық. Бізден көз алмай отырған дуадақ бір сәт қанатын қомдап, ызбарлы үнмен ысылдап, өзімізге қарай тұра жүгірді. Қалбай екеуі бір-біріне айбат шегіп, жағаласа кеткелі тұрған тентектей арбаса қалды.

Мен Қалбайдың қасына келсем, аяғының астынан екі метрдей жерде шөптің арасында үлпілдеген сары көдеге ұқсаған балапан жатыр екен. Қыбыр етер емес.

... Дуадақ маған айбат шеге бастағанда Қалбай балапанды жерден көтеріп алып, қос уысында ұстап, ана дуадаққа қарады. Қас қаққандай болған жоқ, маған қарсы ысылдап тұрған дуадақ сәуледей жалт етті де шегіне беріп, оңға қарай атылды. Ол Қалбайдың қолындағы балапанды топшысымен қағып түсіргенде кішкентай сарыауыз зыр қағып жүгіре жөнелді. Қалбай балапанды қуып барады, мен дуадақтың алдын қаумалап келемін. Талас көпке созылған жоқ – Қалбай балапанды ұстап алып, мәшинеге беттеді. Мекиен дуадақ ысылын үдетіп, бірнеше рет көтеріле ұмтылып, баласын алып қалуға әрекет етті.

Бектемір екеуіміз: «Балапанды жіберу керек, обал, ана байғұсқа қиянат етіп қайтеміз?! – деп көріп едік, Қалбай көнбеді. Ілгері жүріп кеттік.

Балапан Қалбайдың сөмкесінде. Мәшиненің жүрісі баяу. Бектемір жеңімнен тартып: «Қарашы!» – деді.

Терезеге үңілсем, әлгі мекиен дуадақ кейде қанатын жайып көтеріле түсіп, көбіне безек қағып жүгіріп, мәши-
немен қапталдаса жарысып келеді екен. Бектемір таусыла
сөйлеп, Қалбайды көндірді. Тоқтадық. Балапанды сөмке-
ден алып, бостандыққа жіберген сәтте төбешік басында
отырған дуадақ жанталаса жүгіріп келді де қанаты қат-
паған сары балапанын төсіне басып отырып қалды. Бізге
рақмет айтқандай, қанатын сермеп-сермеп қойды.

Қайнекей Жармағамбетов

АБВ

Даңғыл жол – бөгетсіз, кедергісіз, кең жол
Мекиен дуадақ – ұрғашы дуадақ
Бәйек болу – жаны қалмай құрақ ұшу
Қанатын қомдау – қанаттарын ұшуға ыңғайлау

?

3. Жазушы дуадақты қалай сипаттаған?

Q

4. Құстың балапанын қорғаған сәтін тауып, оқы.

5. Әңгімені оқығанда қандай сезімде болдың?

Пікіріңді айт

6. Дуадақ мәшиненің артынан ұмтылмағанда, балапанынан айырылуы мүмкін бе еді?

Бағала

7. Дуадақ – қандай құс?

8. Мәтіндегі қай кейіпкерге мінездеме берер едің?

Қорыт

👥

9. Әңгіменің негізгі ойын анықтаңдар.

🏠

Қалбайға Дуадақтың атынан хат жаз.



ЖАНУАРЛАР ТУРАЛЫ ТАҒЫ НЕ БІЛЕМІЗ?



Бағалауға негізделген сұрақтарға жауап беремін.
Мәтінге кейіпкерлер қосып, жаңа сюжет енгіземін.

Сипатта

1. Мультфильмдегі, ертегідегі аюлардың мінез-құлқын сипатта.



Салыстыр

2. Кинодағы аюды өмірдегі аюмен салыстыр.



Түсініп оқы

Ахмет мерген

Ахмет ақсақал ертеңгі шайын ішіп отыр еді, омарташы Оспан кіріп келді. Өңінде абыржу бар.

– Иә, Оспанжан, ертелетіп неғып жүрсің? – деді Ахаң.

– Ақа, өте қиын жағдай болып тұр. Омартама бір аю екі түн келіп, екі жәшігімді шағып, балымды жеп кетті. Сол пәледен құтқарыңыз, – деді Оспан.



– Өзін көрдің бе? Қай жақтан, қай мезгілде келеді?

– Әлет жақтан таңға жақын келеді, қоңыр аю. Келеді де шетте тұрған жәшікті тасқа бір қойып шағып, балын жейді. Атуға қорықтым.

– Аtpағаның дұрыс болған, – деді Ахмет, – өлтіре алма-саң, өзіңді мерт қылады. Құсақтың сары аюы кісіге шабады. Ал Әлеттің қоңыр аюы болса, зиянсыз, момын, оны ату – обал.

– Ақа-ау, ол пәле шаруашылыққа зиянын тигізіп жатса, қалай шыдайсың?

– Өлтірмеу керек, – деді Ахаң, – сол маңайға келмейтіндей етіп, қатты қорқыту керек.

– Олай болса, сол маймақты өзіңіз бір жөнге салып беріңізші.

– Жарайды.

...Сол күні кешке таман Ахаң омартаға келді. Аюдың омартаға келетін жолын, бал жеген жерін, суға сүңгіген орнын қарап шықты. Мұнан кейін ұзындығы 4-5 құлаштай жіңішке кендір жіпті балауызбен ысқылап алды да жүріп

келе жатқан аюдың мойнына ілінерліктей етіп тұзақ құрды. Жіптің екінші ұшына үлкен дөңбек байлады.

Құланиектеніп таң бозара бастағанда үйдің төбесінде күзетте отырған Ахаң мен Оспанның құлағына сыбдыр шалынды.

– Осы келе жатқан – күткен қонағымыз болар, – деді Ахаң.

Сыбдыр анық естіле бастады. Бір кезде салдыр-гүлдір дыбыс шықты да аюдың ақырған даусы естілді.

– Тұзаққа ілінді, – деді Ахаң.

Ызаланған аю секіріп барып, соңынан қалмай жүрген дөңбек томарды құшақтай алып, лақтырып жіберді. Ауыр дөңбек мойнындағы тұзақты жұла тартып, аюдың өзін қалпақтай ұшырды. Аю атып тұрып, дөңбекке өшіге ұмтылып, тағы да лақтырды. Өзі де мұрттай ұшты.

Аюдың ісіне Оспанның ішек-сілесі қатты. Аю қатты ақырды. Дөңбекті тырналады да құшақтай көтеріп алып, талтаңдай жөнелді...

– Дөңбекті суға тастап, пәледен құтылмақ болып барады, – деді Ахаң.

Құсақ өзенінің бұл тұстағы ағыны қатты, жағасы тік. Аю дөңбекті суға атып жібергенде өзі де бірге құлап түсті. Су ағызған аюды тұзақ буындырып, жағаға шығуға ерік бермейді. Аю жағаға тартса, дөңбек ағыс бойымен төмен тартады. Аю судан шығып тұрған бір жұмыр тасқа жармасты. Бірақ күшті ағысқа түскен дөңбек тұзақты жұлқи тартқанда, жылпылдық тастан аюдың табаны тайып кетті. Бір тасқа тағы жармасты. Төрттағандап, тастың өр жағында тырмысып тұр. Ағын жұлқыған дөңбек аюды мойнынан қылғындыра тартады.

Гүрс ете түскен мылтық даусы төңіректі селт еткізді.

Домбыраның ішегіндей керіліп тұрған арқанды оқ қиып өтті. Дөңбек көбікке көміліп, ағып кете барды.

Мылтық даусынан шошыған аю байлаудан босанысымен, арғы жаққа шықты да қорбаңдап қаша жөнелді.

Соңынан қарап тұрған Ахаң:

- Қатты қорыққан шығар, енді сенің омартаңның маңайын баса қоймас. Егер тағы да тентектік жасаса, осылай үркітіп жібер, - деп күлді.

Бұл кезде Тарбағатай тауының бір қырқасынан алтын шұғыласын шашқан Күн де көтеріліп келе жатты.

Смағұл Кенжеғұлов

АББ

Әлет – жер атауы

Дөңбек – жуан ағаштың кесіндісі

Құланиектену – таң ата бастау



3. Ахмет қоңыр аюды неге атқызбады?

4. Ахметтің мергендігі оқиғаның қай сәтінде көрінді?



5. Мәтіндегі негізгі ойды түсіндіріңдер.

Білгенге маржан



Балауыз – араның безінен бөлінетін зат. Адамдар ежелден оны шырақ жасауға қолданған.



Анықта



6. Аюға тән сипаттаманы тап:

а) ақырды, қорбаңдады, талтаңдай жүгірді;

ә) ұлыды, ысқырды, ырғып кетті.



Осы сөздерді қимыл-қозғалыспен көрсет.



7. Ахметтің орнына араларды кейіпкер етіп алып, мәтінді өзгерте алар ма едің? Оқиғаны ертегі түрінде әңгімелеңдер.



Қорыт

8. Жазушы суреттеген оқиғадан қандай ой түйдің?



Семантикалық кестені үлкендердің көмегімен толтыр.

Аю Қазақстанның қай аймағында кездеседі?

Мәтіндегіден басқа тағы қандай аю түрлері бар?

Мәтіндегі жер-су аттарын көшіріп жаз.



КІТАП НЕДЕН ЖАСАЛАДЫ?



Мәтіннен көркемдегіш құралдардың қолданысын анықтаймын. Мәтінге кейіпкерлер қосып, жаңа сюжет ойлап табамын.



1. Кейіпкермен сөйлес.



– Мені кім «тербетіп, аялап» өсірді?
 – Жасым сақинамда жазулы екенін білесіңдер ме?
 – Қартайғанымды қалай білдіңдер?
 – Қалай ойлайсың, ағашқа кім қамқорлық жасауы керек?



Танаш Дәуренбеков (1927–2000) – жазушы. Қызылорда облысының Тереңөзек ауданында дүниеге келген.

«Бір түйенің әлегі», «Он бес жыл өткен соң», «Сыр балалары» атты шығармалары бар. Жазушы әңгімелерінде ауыл балаларының өмірін шынайы бейнелейді.

Түсініп оқы

Кітаптар мұңы

Мектептің қоймасына біреу бір құшақ кітап әкеліп тастады. Есік қайта жабылуы мұң екен, – шеткерірек түскен бірі басын көтеріп алды. «Қайда келдім?» дегендей



жан-жағына қарап сәл отырды да жанында жатқан көршісін түртті. Ол қозғала қоймап еді, жұлқып-жұлқып қалды.

– Ей, тұрсаңшы! Қайда келдік, тірімісің өзің?

– Ой, мазамды алма. Бүйткенше, парақтарымның пәре-пәресі шығып, желмен ұшып кеткені жақсы еді.

– Не болып қалды? «Жалғыз сенің басыңа келді!» – деймісің бұл қиыншылық?! Біздің де көрген қорлығымыз аз емес. Биылғы оқу жылын зорға аяқтап шықтық. Басыңды көтер. Жөн сұрасайық. Кімсің өзің? Сыртың бүп-бүтін ғой.

– Сыртымды қайтесің? – деді анау жер таяна орнынан әрең тұрып. – Сыртым бүтін болғанмен, ішім – түтін. «Ана тілі» оқулығымын. Мен үшін авторлар түн ұйқысын төрт бөліп, қанша қызмет етті десеңші! Баспа қызметкерлері әрбір әрпіді жекелей теріп, көз майын тауыспап па еді? Сонда кім үшін? «Балалар оқысын, сауатын ашсын, адам болсын!» деген ізгі ниет еді ғой бәрінікі. Мен де қолымнан келгенше өз бойымдағы білімімді беріп, балаларды адамгершілікке, парасатқа тәрбиелеуге тырысып бақтым. Сорым қайнағанда, Адырбай деген баланың қолына түсіп, бір жыл болмай мына күйге ұшырадым. Егер күтіп ұстаса, келер жылы мені басқа балалар оқымас па еді, қайтейін?!

– Біздің де оңып тұрған жеріміз жоқ. Мен «Ежелгі дүние тарихы» оқулығы боламын, – деді бірінші кітап. – Сотқарбай

деген баланың меншігіне тидім. Әдепкіде оқулық болып мектеп босағасын аттағаныма қуанып едім. Оным көпке бармады. Сотқарбай суретімді сиямен бастырып сызып тастады. Оқу жылы аяқталған күні ауласына тастап кетті.

– Әріптестер, қанша айтқанмен «Ана тілімін» ғой. Менің айтқанымға құлақ асыңдар. Әркім өз дүниесіне ұқыпты болуы керек қой. Ондай балалар жоқ та емес. Жоқ емес-ау, көп. Алайда олардың бір кемшілігі – Адырбай мен Сотқарбай сияқтыларға ақыл айта алмай келеді. Мысалы, менің өзім сияқты құрдасым болды. Екеуіміз мектеп кітапханасына бір күнде түстік. Міне, «оқушы» деп оның иесін айт. Ондай баланың қолына түссең, арманың болмас. Кітаптың керек бетін белгілеу үшін парағын бүктемейді, қағаз салып қояды...

– Енді бізді қайтер екен? – деді бір кітап. – Әлде жинап-жинап, отқа тамызық етер ме екен?

«От» деген сөзден бәрі селк ете қалды. Бір сәтке үндері шықпай, іштен тынды.

Болжа

Кітаптардың тағдыры қалай шешілуі мүмкін?

– Мүмкін, бір кәдеге жаратар. Түптер, – деді «Ежелгі дүние тарихы» сәлден соң басу айтып... – Әріптестерім, «Отқа тамызық қылады», – деп ұнжырғаларың түспесін. Мен тарихты білсем, бізді фабрикада жуып, тазартып, сиямыздан арылтып, баяғыдай ақ қағаз жасап, баспаханаға жөнелтеді. Баспахана қайтадан кітап етіп шығарады. «Тек келесі жылы ұқыпты оқушының қолына түссек!» – деңдер.

– Соны айтсаңшы, – деді бәрі бірдей жамырап.

Т. Дәуренбеков

АБВ

Кәдеге жарау – пайдаға асу

Кітапты түптеу – кітап парақтарын біріктіріп тігу

Басу айту – тыныштандыру

Ұнжырғасы түсу – еңсесі түсу, ренжу



2. Мәтінді диалогке бөліп оқыңдар.



3. Мәтіндегі кейіпкерлер қандай тәсілмен суреттелген?



4. Оқиғаның шарықтау шегіне әкелген қорқынышты сөзді ата.

5. Оқиғаның шешіміне әкелген жұбаныш сөздің иесі – қай кітап?

Құра



6. Кейіпкерлер қос. Кітаптардың арманы орындалатындай етіп, ертегіні аяқта.



Қорыт

7. Бүгінгі сабақтан өзің үшін қандай маңызды ақпарат алдың?

8. Өзіңнен кіші балаларға қандай кеңес берер едің?



Үлгіге қарап, «Оқулықты күту ережесін» құрып жаз.

1. Пайдаланған кітапты орнына қой.

2. ...

3. ...



ЖЕРДІҢ ЖҮРЕГІН ТЫҢДАЙЫҚ



Сөйлеу барысында иллюстрацияларды қолданамын.
Түрлі жанрда шығармашылық жұмыс жасаймын.

Талқыла



1. Қалай ойлайсыңдар, «Жер» ғаламшарында қандай экологиялық мәселелер бар?



Түсініп оқы

«Жер» ғаламшарына қамқорлық жасаймыз

Аспан – көзге көрінбейтін атмосфераның бөлігі. Жердің үстіңгі жағындағы атмосфера қабатының қалыңдығы – 500 км.

Жер – адам баласының тіршілігіне қолайлы ауасы бар ғаламшар. Ұшақтар қанаты да жетпейтін аспанда озон қабаттары бар. Бұл – біздің ғаламшардың Күннен қорғағыш сүзгісі. Ол Күннің алапат ыстығын өзіне сіңіріп тұрады.

Жылыжайлық әсерді ғалымдар: «Ауа температурасының жоғарылауынан», – деп түсіндіреді. Жаһандық жылыну – Жер шарына төнген қатерлі құбылыс. Жерде өте ыстық

болса, мұздықтар ериді. Теңіз жағалауын су алып, қалалар су астында қалуы мүмкін.

Адам баласы Жер бетіндегі мәселелерді шеше бастады. Ол үшін су, ауа, жер тазалығын сақтап, ғаламшарымызды аман алып қалудың жолдарын іздеуде. Жылу көзінің бірі – табиғи көмір екенін барлығымыз білеміз. Үлкен қалаларды қыс маусымында жылыту үшін мыңдаған тонна көмір жағылып, ауа ластанады. Көмірді жаққан кезде ауаға зиян қалдықтар тарайтыны белгілі.

Ал табиғатта адам әлі игермеген электр қуаты бар. Мысалы: күн күркіреп, найзағай ойнаған кезді көрген шығарсыңдар. Сол жарқ-жұрқ еткен найзағайда өте күшті электр қуаты бар. Әзірше оны адам игілігіне жарату мүмкін болмай отыр.

Ғылым мен техника жаңалығы адамның өмірін, тұрмысын жеңілдетуде.

Күнделікті өмірде электр қуатымен жұмыс істеп тұрған көптеген заттар бар. Қазіргі заманда өмірімізді электр қуатынсыз елестету мүмкін емес. Түймесін басып қалып, көгілдір экрандағы хабарды тамашалайсың, киімді үтіктейсің, телефоныңды қуат көзіне қосасың, – бәрі-бәрі электрдің ғажайып мүмкіндігінің арқасында.

Бүгінгі заманның электр стансылары туралы не білесің? Әрине, ол да – адам баласының ойлап тапқан жаңалығы.

Олар – атом, жылу, су, жел электр стансысы. Мысалы: жылу электр стансысы арнайы пештерде көмір, мазут, газ жағу арқылы қуат өндіреді. Су электр стансысы тау өзен-



деріне бөгет салу арқылы жасалады. Бөгеттен құлап аққан судың күші арнайы құрылғылар арқылы электр қуатын шығарады. Ал жел электр стансысы кәдімгі желдің күшімен жұмыс істейді.

Электр қуаты оңайлықпен пайда болмайды. Электр қуатын үнемді пайдалану керектігін үлкендер де, кішілер де білуі керек. Қазіргі кезде «ақылды қала» жобасын жасаушылар қуат көзін үнемдеу мүмкіндігін де іске асырып отыр. Мысалы: қаладағы жарық көздері ғимаратқа адам аяқ басып кірген кезде өзі жанып, шыққан кезде өзі өшеді.

«Балалар энциклопедиясынан»

- ?** 2. «Жер» ғаламшарының шешілмеген мәселелері туралы мәтінде не айтылған?
3. Қалай ойлайсың, адамға жылу көздерінің қайсысы ыңғайлы, қолайлы?

Талда

- ii** 4. Электр қуатынсыз өмір сүрудің қиындығы туралы айтып беріңдер.

Дәлелде

- iii** 5. Ғылым мен техника жетістіктері арқылы адам «Жер» ғаламшарының мәселелерін қалай шешеді?



Құра



6. Электр мен Көмірдің атынан айтыс ұйымдастырыңдар.



Білімді қолдан

7. Бұлар – қандай тәсілмен жасалған кейіпкерлер?

Қорыт

8. Айтыстағы негізгі ой қандай?



Семантикалық картаны толтыр. Сұраққа жауап дайында.

Үнемдей білеміз бе?

Отбасында соңғы айда қанша электр қуаты жұмсалды?	Алдыңғы айда қанша жұмсалды?	Айырмашылығын (артық/кем) анықта.	Қандай қорытындыға келдің?



76 ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТАБИҒАТЫН АЯЛАЙМЫЗ



Сөйлеу барысында иллюстрацияларды пайдаланамын. Шығарманың тақырыбын, негізгі ойын анықтаймын.

Құра



1. Сурет бойынша «Ормандағы оқиға» тақырыбына ертегі құрастырыңдар.



2. Өздерің құрастырған ертегінің негізгі ойын түсіндіріңдер.



Сұлтан Қалиев (1943–2018) – ақын, Жамбыл облысы Жамбыл ауданында дүниеге келген. Шығармашылығы негізінен балаларға арналған. Ақынның «Сыныққа сылтау», «Ғажайып тас», «Кішкентай агрономдар», тағы басқа өлеңдер жинағы бар. С. Маршактың «Пілдің баласы», «Ақымақ тышқан туралы ертегісін», С. Михалковтың «Степа ағай» атты өлеңін қазақ тіліне аударған.

Түсініп оқы

Қандай болып өсеміз?

«Табиғатты сүймейтін
 Баланың көп кеселі.
 Ол обалды білмейтін
 Тасжүрек боп өседі»
 Дегенді оқып бірде мен,
 Жиіледі тынысым.
 Жоғалғандай бірдеңем,
 Кетті мүлдем тынышым.

Бұл «табиғат» деген – не
 Жұрттың емдер кеселін?
 Оны жақсы көрем бе?
 Қандай болып өсемін?

Табиғатты білемін:
 Ауа, су, Жер, Күн, аспан.
 Жан-жануар, гүл, егін
 Көкжиекке ұласқан...

Қалса жерді қар басып,
 Сақылдап қыс қысқанда,
 «Қалмасын», – деп, – «қарны ашып»,
 Жем шашамыз құстарға.

Өзінше бір күй, дастан –
 Сайрағаны құстардың.
 Жыл он екі ай тынбастан
 Тыңдауға оны құштармын.

С. Қалиев



А68

Кесел – ауру, сырқат, дерт
Құштар болу – жақсы көру, құмарту

138

3. Өлеңнің негізгі ойы болатын шумақты тауып, оқы.

Бағала

4. Өлеңдегі кейіпкерге баға бер: ұнатқаны, ойы, қуанышы, мейірімі, ...
5. Өздерің құрастырған ертегінің қай кейіпкері ұнады?

Анықта

6. Кейіпкер сөзі монолог па, диалог па?

Бұл «табиғат» деген – не
Жұрттың емдер кеселін?
Оны жақсы көрем бе?
Қандай болып өсемін?..


Есіңе түсір



Монолог (грек сөзі) – әдеби шығармада кейіпкердің тыңдаушыға бағытталған, ішкі сырын білдіретін сөзі. Ол кейіпкердің көңіл күйін (қуанышын, ренішін, күдігін) білдіреді.

Қорыт

7. Табиғатты қорғау үшін әр маусымда не істер едің? Эссе жаз.





ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР



Тарау бойынша оқығанымды есіме түсіремін.
Тапсырмалар бойынша білімімді бағалаймын.

1. «Ахмет мерген» мәтінінің негізгі ойын түсіндір.
2. Кейіпкерлерді жұбымен сәйкестендір.

Майлыаяқ	құм
Бархан	пингвин
Еңбек	Әбеке

3. Кестемен жұмыс.

Тақырыбы	Әдеби шығарманың кейіпкерлерін ата
«Дуадақ»	...
«Құм мінезі»	...
«Қызыл кітап»	...

4. Оқып, өлеңнің тақырыбын есіңе түсір. Қандай көркемдегіш құралдар қолданылған?

Жатыр әсем көл тұнып, Көзіндей жас ботаның.	Балығы тайдай тулаған, Бақасы қойдай шулаған.
--	--



5. «Құм мінезінен» үзіндіні оқып, сұрақтың орнына қойылатын сөзді тап.

Тамырымен жұлып әкеткен әлгі (ненің?) орны алыстан қараған адамға зеңбірек снарядтары түскен ұрыс даласындай шұрқ-шұрқ жыртық еді.



6. «Жер» ғаламшарындағы қандай экологиялық қиыншылық өте өзекті, кезек күттірмейді? (Мысалы: балықтардың қырылуы, ...)

...
-----	-----	-----	-----

7. Суреттегі авторлардың қай шығармасымен таныссың?



Е. Елубай



О. Бөкей

8. Тараудағы кейіптеу тәсілімен бейнеленген бір кейіпкерді ата.

9. Кестемен жұмыс.

«Жылыжайлық әсерден» Жер бетінде қандай өзгеріс болады?	«Дуадақ», «Кітаптар мұңы» әңгімелеріндегі жағымсыз кейіпкерлерді ата.	Экологиялық жағынан қайсысы таза? а) Жылу электр стансысы ә) Жел электр стансысы
---	---	--



10. «Су» өлеңінің негізгі ойына сәйкес постер құраңдар. Постерге лайық сурет, сөз дайындаңдар.

...Білгін бұны, балалар,
Сусыз – құрғақ далалар.
Сусыз – қараң қалалар.
Ескертеміз бар ұлға,
Ескертеміз бар қызға,
Суды босқа ағызба!

Ермек Өтетілеуұлы



Қараң – бұл жерде: «сусыз өмір сүре алмайды» деген мағынада

Жұмбақтардың жауабы: Аспаз (7-бет); жұлдыз, бұлт (70);
91-беттегі сөзжұмбақтың шешуі: 1. Сәкен; 2. Құралай;
3. Шаруа; 4. Темір; 5. Толағай.

ГЛОССАРИЙ

Диалог – әдеби шығармада екі немесе бірнеше адамның бір-бірімен сөйлескен сөздері.

Кейіптеу – табиғат құбылыстарын тірі адам кейпінде немесе жансызды жанды түрде суреттеу тәсілі..

Композиция – көркем шығарманың құрылысы.

Мазмұндау – мәтінді оқып, түсініп, мазмұнын айтып беру. Мазмұндау барысында мәтіндегі негізгі ой ашылуы тиіс.

Монолог (грек сөзі) – әдеби шығармада кейіпкердің тыңдаушыға бағытталған, ішкі сырын білдіретін сөз. Монолог кейіпкердің көңіл күйін (қуанышын, ренішін, күдігін) білдіреді.

Мінездеу – көркем шығармада кейіпкердің мінез-құлқын, сенім-нанымын, көзқарасын, көңіл күйін суреттеу. Мінездеу сол кейіпкердің жағымды-жағымсыз әрекеттері, сөйлеу мәдениеті, үлгі боларлық қылықтары арқылы көрінеді.

Мысал – жануар, затты кейіпкер етіп, солардың әрекеті арқылы адам бойындағы кемшілікті келеке ететін, жақсы мінез-қылықты үлгі етіп көрсететін көркем шығарма. Мысал өсиет, ақыл айтуға құрылады, қарасөзбен де, өлеңмен де жазылады.

Ой екпіні – сөйлем ішіндегі ерекше назар аударылатын сөзді оқшаулап, бөлектеп айту.

Пейзаж – көркем әдебиетте суреттелген табиғат көрінісі. Жазушы пейзаж арқылы көбелектің қанатының дірілін, жапырақтың сыбдырын, судың сылдырын құлағымызға естіртіп, көзбен көргендей әсер қалдырады.

Портрет – көркем шығармада кейіпкердің сыртқы түрін, кескін-келбетін, жүріс-тұрысын суреттеу.

Теңеу – бір затты немесе құбылысты екінші бір затқа, құбылысқа ұқсатып бейнелеу. Теңеу *-дай, -дей, -тай, -тей* жұрнақтары арқылы немесе *секілді, сияқты, тәрізді* сөздерінің көмегімен жасалады.

Экология (грекше «экос» – мекен, тұрақ, «логос» – ғылым) – адамның тіршілік ортасымен қарым-қатынасы туралы ғылым. Ол тірі ағзалардың бір-бірімен қарым-қатынасын қоршаған ортасымен, мекенімен байланыстыра отырып зерттейді.

МАЗМҰНЫ

IV. МАМАНДЫҚТАР ӘЛЕМІ	
Кім болам?	5
Мамандық туралы ойым	8
Атакәсіп	12
Теңізшілер туралы әңгіме	16
Өнер – таусылмас азық	20
Үйретері көп үйірме	24
Өнерлінің өрісі кең	27
Мамандықтың бәрі жақсы	31
Ақылды аспаз	34
Қуаныш сыйлау да – бақыт	37
Өзіңді тексер	39
V. ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ	
Төрт түсті жер үсті	42
Қыс бейнесі	46
Күн райын хабарлаймыз	49
Көлеңкелер еліндегі оқиға	53
Табиғат сипаты	57
Біз қиялдай аламыз	61
Шөл далаға саяхат	65
Жұмбаққа толы әлем	69
Адамның табиғатқа бейімделуі	72
Табиғатты зерттейміз	75
Тіршілік көзі	78
Алуан түрлі табиғат	81
Жылға жақсы тілек	85
Қош келдің, Наурыз!	88
Өзіңді тексер	91
VI. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ	
Мені қоршаған орта	94
Қазақстан көлдері	97
Ит – адамның досы	100
Құстар әні	105
Сақтан, қорға, көмектес	108
Құмы да қымбат туған жер	111
Тіршілік көзі еңбекте	114
Суасты тіршілігіне қамқорлық	118
Жануарлардың сипаты	121
Жануарлар туралы тағы не білеміз?	124
Кітап неден жасалады?	129
Жердің жүрегін тыңдайық	133
Туған жердің табиғатын аялаймыз	137
Өзіңді тексер	140
Глоссарий	142

Оқулық басылым Учебное издание

**Муфтибекова Зубайда
Рысқұлбекова Әсима**

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ ЛИТЕРАТУРНОЕ ЧТЕНИЕ
2-бөлім Часть 2

Жалпы білім беретін мектептің
4-сыныбына арналған оқулық

Учебник для 4 класса
общеобразовательной школы

Әдіскер – *Ф.С. Лекерова*
Редактор – *Ә.Б. Орынбаева*
Көркемдеуші редактор – *Т.В. Толыбекова*
Суретші – *А. Тұрысбеков*
Компьютерде беттеген – *С.М. Ахметова*

Методист *Ф.С. Лекерова*
Редактор *А.Б. Орынбаева*
Художественный редактор *Т.В. Толыбекова*
Художник *А. Тұрысбеков*
Компьютерная верстка *С.М. Ахметовой*

Басуға 14.02.2019 ж. қол қойылды.
Пішімі 70x100 $\frac{1}{16}$, Офсеттік басылым.
Әріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз.
Тапсырыс № 2058.

Подписано в печать 14.02.2019 г.
Формат 70x100 $\frac{1}{16}$. Печать офсетная.
Гарнитура «Школьная». Бумага офсетная.
Заказ № 2058

Қазақстан Республикасы,
«Алматыкітап баспасы» ЖШС
050012, Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 111-үй,
тел. (727) 250 29 58, факс: (727) 292 81 10.
e-mail: alkitap@intelsoft.kz
www.almatykitap.kz

Республика Казахстан,
ТОО «Алматыкітап баспасы»
050012, г. Алматы, ул. Жамбыла, 111,
тел. (727) 250 29 58; факс: (727) 292 81 10.
e-mail: alkitap@intelsoft.kz
www.almatykitap.kz